

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ



ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП
ГODOBOY OTЧET

2010



«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы»
Акциянерлік қоғамының 2010 жылғы есебі





«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесі Төрағасының алғы сөзі



Құрметті серіктестер, әріптестер, достар!

Қазақстандағы алпауыт көлік холдингі – «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Директорлар кеңесінің Төрағасы ретінде сөз сөйлеу – мен үшін үлкен құрмет.

«Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ-ның компаниялар тобының көптеген стратегиялық кәсіпорындары сияқты ҚТЖ Қазақстан мемлекеті мен бүкіл қоғамның тұрақтылық қорғаны болып табылады.

Өткен жылы ҚТЖ жұмысының негізгі барлық өндіріс және қаржылық көрсеткіштері 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда біршама өсті. Мұндай жетістікке компанияның жалғыз акционері – «Самұрық-Қазына» қоры оң баға берді.

Өткен жыл бойы темір жол әкімшілігі көлік тасымалы, қарыз алу, индустриалдық даму нарығында өзінің теңгерілген саясатын жүргізді.

«Қазақстан темір жолы» компания алдына Елбасы мен Үкімет қойған жеті стратегиялық тапсырманы орындау үшін қолдан келгенше аянбай жұмыс істеп, қажетті деген барлық іс-шараларды орындауға тырысты. Атап айтар болсақ, 2009 жылмен салыстырғанда қызметкерлер еңбегінің жұмыс өнімділігі 20 пайыздан артық өсті. Жылдамдығы жоғары озық пойыздардың жүретін жолы 300 шақырымнан астам қашықтыққа созылды. Интернет желісі арқылы сатылған жол жүру құжаттарының көлемі үш есе артты. Іске жүк тасымалы


саласында қозғалыстың ұйымдастырылуы бойынша бірқатар инновациялық схемалар енгізілді. Бұдан басқа, темір жол машина құрылысы белсенді дамып, жаңа темір жолдар салынды, қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы жағдай біршама жақсарды. Қазақстан темір жолының корпоративтік басқару рейтингі «Самұрық-Қазына» Қорының еншілес компаниялары арасында ең жоғары болып, алдыңғы орынға шықты.

Компанияның қаржылық тұрақтылығын «S&P» агенттігінің ҚТЖ-ның несиелік рейтингін арттырғандығы, «Fitch Ratings» агенттігінің компания рейтингін егеменді деңгейінде растағандығы айғақтайды. Компания алдын ала қамдалып, өзінің іскери серіктестері алдындағы 2006 жылдың еуро-облигацияларын өтеу міндеттемесін уақытылы орындады. 2010 жылы шығарылған облигацияларға деген сұраныстың ұсыныстан 12 есе жоғары болуы халықаралық қаржы институттарының пікірінше, осы эмиссияны жыл қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының корпоративтік секторындағы үздік шығарылымға жатқызуға мүмкіндік берді.

«Қазақстан темір жолы» компаниясы 2010 жылды табыспен аяқтады. Компанияның осы уақытқа дейін қол жеткізген жетістіктері алдағы уақытта бұдан да жемісті болып, компания жоғары биіктіктерден көрінеді деп сенемін.

Құрметпен,
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы

ТИМУР ҚҰЛЫБАЕВ



«ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің алғы сөзі



Жылдық есептің құрметті оқырмандары!

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы үшін 2010 жыл индустрияландыру жылы болды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Әбішұлы ел экономикасын өнеркәсіп өндірісі мен жаңа технологиялар кеңінен қолданылатын жаңа деңгейге шығаруды тапсырған болатын. Теміржолшылар мұндай күрделі болғанымен, дара дұрыс бағытқа бет алуға дайын екендіктерін көрсетті. Елдің әлемдік экономикалық дағдарыстың ауыр да, кері салдарына төтеп беруі индустриалдық-инновациялық даму жолына түсуге мүмкіндік берді. Қазақстан Республикасы мұндай дағдарыстан аз уақыттың ішінде шығып, темір жол компаниясы өндіріс пен қаржы көрсеткіштерінің өсімімен экономикалық реванш жасады.

Осылайша, есеп беру кезеңінде тасымалдардың жүк айналымы 2009 жылдың көрсеткішімен салыстырғанда 15 872 млн ткм немесе 8 пайызға артып, 213 174 млн ткм құраған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ жүк тасымалының жалпы көлемі 2010 жылы 267 735 мың тоннаны құрап, 2009 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20 058 мың тоннаға немесе 8,1% өсті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобына 2010 жылы 597 849 млн теңге мөлшерінде кіріс түсті. Бұл 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда 19,6% артық көрсеткіш. 65 175 млн теңге мөлшеріндегі жиынтық пайда 2009 жылғы деңгейге қарағанда 45 687 млн теңгеге немесе 3,3 есеге артық болды. Қозғалыс қауіпсіздігі саласындағы көрсеткіштер 40 пайыздан астам межеге жетіп, жақсарған.

Бұл саладағы жұмыстың экономикалық тиімділігі мен сенімділігінің арқасында өткен жылы Астана қаласында «Тальго» компаниясының технологиялары бойынша құрылған жолаушылар вагондарының құрылысын жүргізетін зауыттың және «Альстом» фирмасымен бірлесіп, электроваздар шығаратын зауыттың құрылысы сияқты стратегиялық жобалар бастау алды. Астана қаласында ашылған Тепловоздар құрастыратын зауыт қазақстандық магистралдың тартым паркін жоғары қуатты әрі тасымалдау үрдісінде таптырмас 30 жаңа локомотивке толықтырып, 2010 жылы сериялық өндіріс режимінде жұмыс істей бастады.

Құрметпен,
«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Президенті

Алматы вагон жөндеу зауытының ұжымы жолаушылар вагоны негізінде қайта құрылып, атқарған жұмысы күткеннен де, асып түскен екі медицина пойызын желіге шығарды. «Денсаулық» мен «Жәрдем» құрамдары шағын станциялар мен разъездердің 25 мыңға жуық тұрғындарына қызмет көрсетіп, аймақтардағы халық ықыласына бөленді. Сонымен бірге, бұл отандық кәсіпорынның ұжымы халықаралық бағыттармен жүретін ондаған жолаушылар вагонын жандандырды.

2010 жылы жоғары қарқынмен, ең жаңа техникалық шешімдердің қолданылуымен Өзен – Түркменстанмен мемлекеттік шекара және Жетіген – Қорғас екі жаңа темір жолдың құрылысы жүргізілді. Бұл бағыттар болашақта отандық және шетелдік жүк вагондары әлемдік сауда нарықтарына шыға алатын оңтайлы жолдар болмақ.

Өткен жылы еліміздің түпкір-түпкірінде бұған дейін импортталып келген темір жол өнімдерінің өндірісі жанданды.

2010 жыл ҚТЖ қаржы саласына жетістіктер әкелген жыл болды. ҚТЖ өз тарихында тұңғыш рет Лондон биржасында сұранысы ұсыныстан артқан еурооблигациялар шығарды. Компания үдемелі индустриалды-инновациялық даму мақсаттарына арналған қарыз қаражатын тарту ісінде халықаралық қаржы институттарымен жемісті еңбек етті.

Жылдық есепте көрініс тапқан темір жол саласының қызметі туралы мұндай мәліметтер «Қазақстан темір жолы» АҚ мүмкіншіліктеріне сеніп, біздің іскерлік серіктесіміз болғандар үшін ынтымақтастық қарым-қатынастарды одан ары да жалғастыруға дәйек болады деген сенімдемін.


Бүгінде Қазақстанның темір жол саласы техникалық жетістік рельсінде нық тұрып, жоғары жылдамдықпен жаңа даму кезеңіне зымырап келеді. Мұндай істің нәтижелері бүгінгі күннің өзінде де көзге көрінуде. Алайда, жаңа экономикалық серпілістің басты нәтижелері әлі алда деп білемін.

АСҚАР МАМИН

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ



- Компания туралы жалпы ақпарат
- Директорлар кеңесі
- Басқарма
- Компанияның басқару құрылымы
- Жылдық шолу





Компания туралы жалпы ақпарат

«Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы («ҚТЖ» ҰК» АҚ) Қазақстанның ұлттық темір жол тасымалдаушысы – көпбейінді заманауи көлік холдингі. Жыл сайын елдегі бүкіл жүк айналымының 70% Компания еншілеп отыр. Темір жол тасымалының қызметін жылына 16 миллионнан астам жолаушы пайдаланады.

Компания мүддесіндегі салалар – жүк және жолаушылар тасымалы, логистика, телекоммуникациялар, инфрақұрылым, инвестициялық жобалар.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ акцияларының 100% «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ Акционерлік қоғамына тиесілі.

Магистралдық темір жолдың ұзындығы 14 мыңнан астам шақырымды құрап отыр. Жүк вагондарының паркі – 44 000 бірліктен астам, локомотивтер паркі – 1 500 бірліктен астам.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмыскерлерінің саны 146 мыңнан астам.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Темір жол ынтымақтастығы ұйымының, Халықаралық темір жол одағының, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігі жөніндегі кеңестің, Транссбір тасымалының үйлестіру кеңесінің мүшесі болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның өкілдіктері

- Мәскеу (Ресей Федерациясы),
 - Пекин, Үрімші (Қытай Халық Республикасы),
 - Киев (Украина),
 - Ташкент (Өзбекстан)
- қалаларында жұмыс істейді.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ миссиясы

Компания экономиканың орнықты өсімінің барабар көлік негізін қамтамасыз етіп, жүк пен жолаушыларды тасымалдау бойынша сапалы әрі бәсекеге қабілетті қызметтер мен магистралдық темір жол желісі қызметтерін ұсынады.

■ Анықтама:

Компанияның жаңа тарихы 1997 жылы «Қазақстан темір жолы» Республикалық мемлекеттік кәсіпорны құрылған сәттен бастау алады.

«ҚТЖ» РМК Алматы темір жолын, Целинный темір жолы мен Батыс Қазақстан облысының темір жолын біріктіру арқылы «Қазақстан Республикасы темір жол кәсіпорындарын қайта құру туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 31 қаңтардағы № 129 қаулысымен құрылған болатын. Мұндай біріктірудегі мақсат тасымалдау процесін басқару құрылысын оңтайландырып, оның артық буындарын тарату, темір жол саласын қаржы-экономикалық сауықтыру болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 наурыздағы № 310 қаулысымен РМК негізінде «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік қоғамы құрылды.

2004 жылғы 2 сәуірде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «ҚТЖ» ҰК» Жабық акционерлік қоғамы «ҚТЖ» ҰК» Акционерлік қоғамына ауыстырылып, қайта тіркелді.

Директорлар кеңесі

Директорлар кеңесі стратегиялық мақсаттарды, келешегі бар даму бағыттарын айқындап, Қоғам қызметінің ұзақ мерзімді келешекке арналған негізгі бағдарларын белгілейді, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін тиісті қаржылық және адам ресурстарының болуын қамтамасыз етеді. Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның атқарушы органының қызметіне бақылау жүргізеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2010 жылы атқарған жұмыстары туралы есеп

2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесі жұмысы барысында 82 мәселе қарастырылған 9 отырысына шақырып, олардың екеуі – ашық, жетеуі – сырттай өткізілді (бұл 2009 жылмен салыстырғанда 20 мәселеге немесе 32% артық). Қарастырылған мәселелер бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесі 268 тапсырма берді (бұл 2009 жылмен салыстырғанда 44 тапсырмаға немесе 20% артық).

Комитет 13 отырыс өткізді. Оның ішінде:

- Аудит жөніндегі комитет – 9 отырыс (2 ашық, 7 сырттай);
- Сыйақылар жөніндегі комитет – 2 ашық отырыс;
- Тағайындаулар жөніндегі комитет – 2 сырттай отырыс өткізді.



2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесі келесі стратегиялық құжаттарды қабылдады: «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2020 жылға дейінгі даму стратегиясы мен «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2011–2015 жж. арналған даму жоспары.

Мұнымен қоса, Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның міндеттемелерін арттыру туралы шешім қабылдап, нәтижесінде, 2010 жылға арналған қарыз алу бағдарламасын жүзеге асыру шеңберінде 29 қыркүйек күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ 10 жыл мерзімге жылдығы 6,375% \$700 млн сомаға еурооблигациялар шығарды. Еурооблигациялар Лондон биржасына шығарылды. Мәміле жабылған сәтте еурооблигацияларға деген сұраныс құны \$8,2 млрд құрады.

Қазіргі кезде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Жалғыз акционері, Директорлар кеңесі мен Басқармасы арасында өзара тиімді іс-қимылдар жүргізіліп, алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге ортақ түсіністікпен қаралуда.

Директорлар кеңесі мен Басқарманың 2010 жылы атқарылған жұмысы тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін енгізуге және Ішкі аудит қызметін түбегейлі жақсартуға бағытталды.

Тәуекелдерді корпоративтік басқару саласына әлемдік үздік тәжірибеге сәйкес (COSO 2004 моделі «Тәуекелдерді корпоративтік басқару – «Біріктірілген модель») заманауи әдістемелік база енгізілді.





«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның корпоративтік басқарылуын диагностикалау жобасының аясында KPMG халықаралық консалтингтік компаниясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерін басқару жүйесі турасында айтылған ақпарат ұсынды. Компания кеңесшісі берген бағаға сүйенсек, «Тәуекелдерді басқару» процесінің үздік тәжірибе талаптарына сай келу деңгейі шамамен 75% (2009 жылы 40% болған).

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Ішкі аудит қызметі мен ішкі бақылау жүйесінің қызметін жетілдіру мақсатында 6 құжат бекітіліп, бұл «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Ішкі аудит қызметінің аудиторлық тапсырмаларды орындау тәсілін сапалы түрде жақсартты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Ішкі аудит қызметі жылдық аудиторлық жоспарды құрған уақытта және әр аудиторлық тапсырманы жоспарлаған уақытта тәуекелге бағдарланған тәсілді қолданады. Аудиттелетін бизнес-процесстің әрқайсысы жүйе ретінде қарастырылады. Аудиторлық тапсырмалар орындалған уақытта тәуекелдер мен бақылау матрицалары, бақылаулардың операциялық тиімділігін тестілеу жоспары мен бақылаулардың нәтижелілігін тестілеу сияқты жұмыс құжаттары қоса жасалады.

Корпоративтік басқаруды диагностикалау қорытындысы бойынша Компаниядағы аудиторлық процесске жоғары баға – 75%, ал «Ішкі аудит» процесіне 84% деген баға берілді. Бұл көрсеткіштер 2009 жылы 56% және 59% құраған болатын.

Сонымен бірге, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Ішкі аудит қызметіне «Самұрық-Қазына»

ҰӨҚ» АҚ-ның Аудит және бақылау департаменті баға берген болатын. Баға жүргізу барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның халықаралық ішкі аудиттің кәсіби стандарттары мен ішкі құжаттарға сәйкес келуі тексеріліп, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Ішкі аудит қызметінің жұмысына күшті (жоғары) – 2,61 балл (ең жоғары баға – 3 балл) берілді.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексінің ережелерін орындау жұмыстарын ұйымдастыру және корпоративтік басқаруды одан ары қарай жетілдіру мақсатында Компанияның Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2010–2011 жж. арналған Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіруге бағытталған іс-шаралар жоспарын әзірлеп, бекітті (2010 жылғы 7 мамырдағы № 3 хаттама).

Жобаны әзірлеу барысында консалтингтік компанияның – «KPMG Tax Advisory LLC» ЖШС-нің «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ғы корпоративтік басқаруды 2009 жылы зерттеу шеңберінде берілген ұсынымдары басшылыққа алынды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ	59% (2009 жылы - 45,3%)
ҚАЗПОШТА» АҚ	56,8%
«ҚАЗАТОМПРОМ» ҰАК» АҚ	56,6%
«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫС ЖИНАҚ БАНКІ» АҚ	54,9%
«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫ» АҚ	52,6%
«ДАМУ» КӘСІПКЕРЛІКТІ ДАМУ ТҮРІ ҚОРЫ» АҚ	52,6%
«ҚАЗЭКСКОРТГАРАНТ» АҚ	43%
«ТАУ-КЕН САМҰРЫҚ» ҰТК АҚ	41%
«САМҰРЫҚ-ЭНЕРГО» АҚ	39,7%
«АҚТӨБЕ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӨУЕЖАЙЫ» АҚ	36,6%

Аталмыш Жоба Компаниядағы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіріп, жүйелендіруге бағытталған.

Бұл жобада 2010–2011 жж. орындалуы көзделіп отырған 58 іс-шара қарастырылған.

2010 жылдың желтоқсан айында Директорлар кеңесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2011–2015 жылдарға арналған Даму жоспарын бекіткен болатын. Бұл Жобаның негізінде Компаниядағы корпоративтік басқару

- 2010 жылы – 50%
 - 2011 жылы – 55%
 - 2012 жылы – 60%
 - 2013 жылы – 65%
 - 2014 жылы – 70%
 - 2015 жылы – 75%
- деңгейінде болады деп болжанып отыр.

2010 жылдың желтоқсанында KPMG компаниясы «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның он ірі компаниясының корпоративтік даму деңгейінің үздік тәжірибеге сай келуіне жүргізген кезекті диагностикасын аяқтап, төмендегідей қорытындыға келді:

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2010 жылғы құрамы:

Директорлар кеңесінің жаңа құрамы 2009 жылдың маусымында сайланғандықтан, Директорлар кеңесінің 2010 жылы атқарған жұмысына баға берілмеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің шешімімен (2010 жылғы 7 мамырдағы № 3 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің Жұмыс жоспарында қарастырылған 45 мәселенің 28-і шешімін тауып, орындалды. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жаңа Жарғысының қабылдануына байланысты 9 мәселе алынып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының құзырына жатқызылды. ҚР нормативтік актілеріне тиісті өзгерістер енгізу қажеттілігіне баланысты мәселенің үшеуі кейінге қалдырылып, қалған бесеуі «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның келісілуіне шығарылды.

ҚҰЛЫБАЕВ Т. А.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ Басқармасы Төрағасының Орынбасары, Директорлар кеңесінің Төрағасы
МАМИН А. Ұ.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Президенті
БАЙДӘУЛЕТОВ Н. Т.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Басқарушы директоры
ЕСЕНҒАРИН Н. Қ.	Тәуелсіз директор
БЕКТҰРОВ А. Ғ.	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі
УОЛТОН К.	Тәуелсіз директор
ШОМОДИ К.	Тәуелсіз директор

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитетінің құрамы:

ШОМОДИ К.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы
БАЙДӘУЛЕТОВ Н. Т.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Басқарушы директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі
УОЛТОН К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
МЫҢШӘРІПОВА С. Н.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ Аудит және бақылау департаментінің Директоры, Комитет сарапшысы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің Тағайындаулар жөніндегі комитетінің құрамы:

БАЙДӘУЛЕТОВ Н. Т.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Басқарушы директоры, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет Төрағасы
ЕСЕНҒАРИН Н. Қ.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
ШОМОДИ К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
ОРДАБАЕВА А. Т.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Қызметкерлерді басқару департаментінің Бас менеджері, Комитет сарапшысы

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің Сыйақылар жөніндегі комитетінің құрамы:

ЕСЕНҒАРИН Н. Қ.	Тәуелсіз директор, Комитет Төрағасы
ШОМОДИ К.	Тәуелсіз директор, Комитет мүшесі
БЕКТҰРОВ А. Ғ.	Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар вице-министрі, Директорлар кеңесінің мүшесі, Комитет мүшесі
АХМЕТЖАНОВА Г. Т.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Бюджеттік жоспарлау және талдау департаментінің Бас менеджері, Комитет сарапшысы
ОРДАБАЕВА А. Т.	«Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Қызметкерлерді басқару департаментінің Бас менеджері, Комитет сарапшысы
ЛЕПЕСБАЕВ А. М.	«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның экономика жөніндегі Басқарушы директоры, Комитет сарапшысы

Басқарма

Басқарма Қоғамның алқалы атқарушы органы болып табылады. Басқарманың құзырына Заңмен, Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілерімен және Жарғымен Қоғамның өзге органдары мен лауазымды тұлғаларының құзырына жатқызылмаған Қоғам қызметінің барлық мәселелерін шешу жатады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Компания Басқармасының құрамы 10 адам болып белгіленіп, мүшелері сайланған.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2010 жылғы құрамы:

Мамин Асқар Ұзақбайұлы –

Басқарма Төрағасы – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президенті 1965 жылы туған. Целиноград инженерлік-құрылыс институтының түлегі, Г.В. Плеханов ат. Ресей экономика академиясын инженер-құрылысшы мамандығы бойынша бітірген, экономист. Еңбек қызметін «Целинтяжстрой» трестінде монтаждаушы қызметінен бастады. Қазақстанның инновациялық кәсіпорындар одағының бас директорының орынбасары болып жұмыс істеді. 1996–2008 жылдары – Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары, Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар вице-министрі және индустрия және сауда бірінші вице-министрі, көлік және коммуникациялар министрі, Астана қаласының әкімі. 2008 жылдың сәуір айынан бастап, «Қазақстан темір жолы» Ұлттық Компаниясы» Акционерлік Қоғамының Президенті. 1998 жылы «Ерен еңбегі үшін» медалімен, 2006 жылы «Құрмет» орденімен марапатталған.



Қизатов Ермек Әнуарбекұлы –

Вице-президент 1961 жылы 6 тамызда Ақмола облысында туған. Алматы теміржол инженері институтын бітірген. Техника ғылымдарының докторы. Еңбек жолын Тың теміржолының Жаңа Есіл жол дистанциясында өндіріс шебері ретінде бастаған. Тың теміржолында, «Қазақстан темір жолы» РМК, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да басшылық қызметтерді атқарды.

Сұлтанов Ерік Хамзаұлы –

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қамту жөніндегі вице-президенті 1956 жылы 24 наурызда Солтүстік Қазақстан облысында туған. Қарағанды политехникалық институтын бітірген. Институтты бітірген соң Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарының өнеркәсіп мемлекеттік кәсіпорындарында, көлік және коммуникациялар министрлігінде, Астана қаласы әкімдігінде басшылық қызметтер атқарды. 2008 жылғы сәуірден «ҚТЖ» ҰК» АҚ вице-президенті.

Алпысбаев Қанат Қалиұлы –

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті 1972 жылы 31 наурызда Ақмола облысы Атбасар қаласында туған. Алматы темір жол инженері институтын бітірген. Кентукки университетін (АҚШ), Мәскеу халықаралық бизнес мектебін бітірген. Магистр. 1994–2002 жылдары Тың темір жолы, «Қазақстан темір жолы» РМҚ, акционерлік қоғамдарында әр түрлі қызметтер атқарды. 2002–2003 жылдары «Эйр Астана» ЖАҚ-ның қаржы жөніндегі басқарма директоры, қаржы және ақпараттық технология жөніндегі вице-президенті қызметін атқарды. 2005–2008 жылдары «Дженерал Электрик» корпорациясы филиалының бизнесті дамыту жөніндегі директоры болып жұмыс істеді.

Акчурин Асхат Харисұлы –

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Қызметкерлерді басқару және әлеуметтік мәселелер жөніндегі вице-президенті 1961 жылы 2 маусымда Батыс Қазақстан облысында туған. Қазақ мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтын бітірген. 1983–1996 жылдары ГСКБ ПЭТ инженер-конструкторы, бас инженер, бас конструкторы – бастығы қызметтерін атқарды. 1996–2008 жылдары Ақмола қаласы, Алматы және Сарыарқа аудандарының әкімдігінде, Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінде, Батыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарды.

Тәжияқов Ержан Бисенғалиұлы –

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Қаржы жөніндегі Басқарушы директоры 1975 жылы 4 наурызда Алматы облысында туған. Қазақ мемлекеттік басқару академиясының түлегі. Еңбек жолын «Казкоммерц-банк» АҚ-ның бухгалтер-контролер лауазымынан бастаған. 1995–2006 жылдары Қазақстан Республикасының банк жүйесінде жұмыс істеді. 2007 жылдың мамырында «ENRG» ЖШС-нің Басқарушы директоры – қазынашылық басшысы лауазымына тағайындалды. 2008 жылдың ақпан айынан 2010 жылдың қазан айы аралығында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қаржы жөніндегі Басқарушы директоры лауазымын атқарды.

Жүсіпов Бейбіт Ғазизұлы –

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Басқарушы директоры – Аппарат басшысы 1948 жылы 3 қазанда Қостанай облысында туған. Свердловск заң институтын, Алматы жоғары партия мектебін бітірген. 1970–1992 жылдары Целиноград облысының прокуратура органдары мен партиялық жұмыста жұмыс істеді. 1992–1998 жылдары Целиноград облыстық әкімшілігі басшысының орынбасары, Ақмола облысы әкімінің орынбасары лауазымдарын атқарды. 1998–2002 жылдары – Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенат депутаты. 2002–2008 жылдары Парламент Сенатының аппарат басшысының орынбасары, Жоғарғы Сот аппаратының басшысы, Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары лауазымдарын атқарды.

Әлмағамбетов Қанат Есмұханұлы –

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Тасымалдау процесі жөніндегі Басқарушы директоры 1962 жылы 6 тамызда Ақмола облысында туған. Алма-Ата темір жол көлігі инженерлерінің институтын, Қазақ көлік және коммуникациялар академиясын бітірген. Еңбек жолы түгелімен Қазақстан Республикасының темір жол саласына арналған. Пойыз құрастырушы, станция кезекшісі, станция бастығы, қызмет бастығы, тасымалдау бөлімінің бастығы, департамент бастығы, «Қазтеміртранс» АҚ-ның вице-президенті лауазымдарын атқарған.


Хасенов Рүстем Қойбағарұлы –

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Құқықтық мәселе жөніндегі басқарушы директоры 1962 жылы 4 тамызда Көкшетау қаласында туған. Қарағанды Мемлекеттік университетін «құқықтану» мамандығы бойынша бітірген. Еңбек қызметін Көкшетау ҚІІБ тергеуші қызметінен бастады. Кейіндері Көкшетау облысының атқарушы билік және прокуратура органдарында заң қызметі лауазымдарын атқарды. 2003–2008 жылдары бас маман, басқарма бастығы, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігінің Заң департаменті директорының орынбасары, Астана қаласы әкімі аппаратының бөлім меңгерушісі лауазымдарын атқарған.

Лепесбаев Алмас Мұратұлы –


«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Экономика жөніндегі басқарушы директоры 1978 жылы 16 шілдеде Ақмола облысында туған. Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университетін, Қазақ гуманитарлық заң университетін бітірген. Экономика ғылымдарының кандидаты. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ РМҚ жетекші инженері, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарында бас маман, бөлім бастығының орынбасары, бөлім бастығы, басқарма бастығы, департамент директорының орынбасары, департамент директоры болып жұмыс істеді.

Компанияның орталық аппаратының ұйымдастырылу құрылымы



Орталық аппарат құрылымы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның негізгі өндіріс бөлімшелерімен сатылас интеграцияланған басқару жүйесі болып табылады. Филиалдар тиісті департаменттер мен басқармаларға тікелей бағынышты. Филиалдар өндіріс департаменттері арқылы қаржыландырылып, бухгалтерлік есептіліктерді жинақтайды. Басқарудың мұндай моделі қажетті шұғыл-шаруашылық дербестікті, тасымалдардың өзіндік құнының төмендеуіндегі маңызы бар резервтердің анықталуын және тасымалдау процесі тиімділігінің арттырылуын қамтамасыз етеді.

«ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ» ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ»
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ



Жылдық шолу

Компанияның 2010 жылғы басты оқиғалары:

ҚАҢТАР

11 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Маминнің төрағалық етуімен ұлттық компанияның 2009 жылы жүргізген қызметінің қорытындылары жасалып, 2010 жылға арналған негізгі міндеттер қойылды.

12 – Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің қатысуымен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның 2009 жылы атқарған қызметінің нәтижелері қарастырылған кеңейтілген отырысы өткізілді.

20–21 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның делегациясы компания президенті Асқар Маминнің басшылық етуімен жұмыс сапарымен Қытай Халық Республикасына барды. Сапар барысында Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігі мен Акционерлік қоғам басшылығымен екі жақты кездесу өткізілді.

АҚПАН

7 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Президенті А. Мамин Латвия Республикасы Рига қаласында «Латвия темір жолы» Басқармасының Төрағасы У. Магониспен кездесіп, екі жақты ынтымақтастық мәселелері жөнінде сөз сөйледі.

8–10 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның делегациясы Президент Асқар Маминнің басшылық етуімен жұмыс сапарымен Балтық елдерінде болып қайтты. Сапар барысында Қазақстан делегациясы «Серіктестік 1520: Балтық аймағы» атты II Халықаралық аймақтық темір жол бизнес-форумына қатысты.

Наурыз

2 – Локомотив құрастыру зауытының конференц-залында ҚР Парламент Мәжілісінің «Нұр Отан» ХДП Фракцисы жанындағы Экономикалық саясат жөніндегі кеңесі «Үдемелі индустриалды-инновациялық дамуды жүзеге асыру тәсілдері» тақырыбында көшпелі отырыс өткізді.



1–5 – Қазақстан делегациясы Вьетнам Социалистік Республикасы, Қытай Халық Республикасы, Корея Халық Демократиялық Республикасы, Монғолия және Ресей елдерінің сыртқы сауда ұйымдары мен темір жол өкілдерінің қатысуымен Иркутск қаласында 2010 жылға арналған тасымал көлемін келісу жөніндегі халықаралық жиынға қатысты.

5 – Астана қаласында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин мен «Латвия темір жолы» МАҚ Басқармасының Төрағасы У. Магонис арасында екі жақты кездесу өтті.

15 – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Маминді қабылдады. Елбасы «Қазақстан темір жолы» компаниясы қызметін жетілдірудің негізгі бағыттары: темір жол машина құрылысын, жүрдек жолаушылар тасымалын дамыту, еңбек өнімділігін арттыру жөнінде айтты.

15–16 – Қазақстан делегациясы Минск қаласында өткен Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының 18-экономикалық және экологиялық форумының «Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық ұйымының аймағында шекарадан өту орындарын лайықты басқару, жерүсті көлік тасымалдарының қауіпсіздігін нығайту, халықаралық автотомобиль және темір жол қатынастарын жеңілдету» тақырыбындағы екінші дайындық конференциясына қатысты.

18 – Астана қаласында «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы рационализаторларының конференциясы өтті.

19 – Аптасына екі рет жүретін Астана – Павлодар жаңа бағыты бойынша жайлылығы жоғары № 802/801 жаңа электропоезды жүре бастады.

30 – Словакия Республикасының Президенті Иван Гашпаровичтің Қазақстанға мемлекеттік сапары аясында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «ŽOS - VŮVOJ, s.r.o.» словакиялық компаниясының дизельмен жүретін рельсті құрамдар шығаратын бірлескен кәсіпорнын құру туралы Құрылтай құжаттарына қол қойылды.

СӘУІР

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Америка Құрама Штаттарына жұмыс сапарының шеңберінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Дженерал электрик транспорттейшн» компаниясының арасында ТМД елдеріне арналған маневрлік тепловоздар жасау бағдарламасы бойынша Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

8 – Ұлы Отан Соғысының 65 жылдығына орай «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Ұлы Отан Соғысының ардагерлері мен қатысушыларын 2010 жылдың соңына дейін Қазақстан аумағында пойызбен тегін тасымалдау акциясын бастады.

19-23 – Қазақстан делегациясы Улан-Батор қаласында өткен (Моңғолия) Темір жол ынтымақтастық ұйымының Бас директорларының (жауапты өкілдерінің) XXV Конференциясының отырысына қатысты.

22 – ҚР Парламент Сенаты мен Мәжіліс депутаттарының, ҚР Табиғи монополияларды реттеу агенттігі өкілдерінің, отандық жүк жөнелтуші кәсіпорындардың, темір жол саласына арналған өнімдер шығаратын, қызметтер көрсететін өндірушілердің, көлік және өнеркәсіп қауымдастықтары жетекшілерінің қатысуымен ұлттық компанияның 2009 жылы атқарылған өндірістік, экономикалық және шаруашылық қызметінің қорытындысы туралы ашық тыңдалым өтті.

29-1 мамыр – Алматы қаласында республиканың оңтүстік өңіріндегі темір жол көлігі кәсіпорындары жұмысшыларының қатысуымен аймақтық жастар форумы өтті.



МАМЫР

13 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның делегациясы Мәскеу қаласында өткен «ТрансРоссия-2010» атты халықаралық мерейтойлық 15-көлік және логистика көрмесіне қатысты.

13-14 – Юрмала қаласында (Латвия Республикасы) Достастық мемлекеттерінің Темір жол көлік кеңесінің 52-отырысы өтті. Кездесу барысында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның делегациясын Компания президенті Асқар Мамин басқарды.

24-28 – Алматы қаласында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ сарапшылары мен Қытай Халық Республикасының Темір жол министрлігінің өзара есептесу мәселелеріне арналған отырысы өткізілді.

28 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның делегациясы Сочи қаласында өткен «Стратегиялық серіктестік 1520» тақырыбындағы V Халықаралық темір жол бизнес-форумына қатысты.

МАУСЫМ

1 – «Тұлпар» жүрдек пойызының Астана–Алматы–Астана бағытындағы жолаушыларына арналып жылдамдығы жоғары интернет желісі қосылды.

3 – Алматы қаласында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен Қазақстанның инвестициялық саммиті өтті. Саммит шеңберінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин ірі шетелдік және отандық компаниялардың басшыларымен кездесіп, көлік машина құрылысы саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылып, бірқатар маңызды құжаттарға қол қойды.

31 мамыр – **4** маусым – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның өкілдері Одесса қаласында (Украина) өткен Халықаралық көлік апталығына және «Интер-Транспорт» 9-Халықаралық көлік көрмесіне қатысты. Аталмыш көрме барысында қатысушылар Қазақстан темір жолының транзиттік әлеуетімен таныстырылды.

9 – Астана қаласының темір жол вокзалынан Астана–Мәскеу бағытымен жайлылық деңгейі мен жолаушыларға қызмет көрсету сапасы жоғары № 71/72 пойызы жөнелтілді.



10 – Маңғыстау облысының инвестициялық жобаларының тұсауын кесу салтанатында ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаевқа телекөпір арқылы Өзен – Түркіменстанмен мемлекеттік шекара темір жол желісі құрылысының аралық қорытындылары жайында мәлімет берілді.

14 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ орталық аппаратының «Нұр Отан» ХДП бастапқы партиялық ұйымының жұмысы Астана қаласында үздік деп танылды.

14 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның өкілдері Шанхай қаласында (ҚХР) өткен «Transport Logistic China 2010» көрмесіне қатысып, шетелдік серіктестерге Қазақстанның транзиттік артықшылықтары жөнінде айтты.

17–19 – Петербург экономикалық форумы барысында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин, «Трансмаш-холдинг» ЖАҚ-ның басшысы Андрей Бокарев пен «Alstom» компаниясының бас директоры Патрик Крон Қазақстанда жүк және жолаушылар электровоздарын бірлесіп жасау туралы шартқа қол қойды.

22–23 – Бурабай п. жұмыс тобының «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Российские железные дороги» ААҚ арасындағы стратегиялық ынтымақтыстық мәселесіне арналған төртінші отырысы өтті.

26 – Астана қаласының Индустриалдық паркі аумағында Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Кәрім Мәсімовтің, ҚР-ның Индустрия және жаңа технологиялар министрі Әсет Исекешевтің, ҚР Көлік және коммуникациялар министрі Әбілғазы Құсайыновтың, Астана қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетов пен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Президенті Асқар Маминнің қатысуымен электровоздар мен жолаушылар вагондарын шығаратын зауыттардың құрылысы жүргізілетін орынға капсуларды салу салтанаты өтті.

29 – Достық және Егінсу станцияларының 200 астам теміржолшыларына жаңа баспана мен пәтер кілттері табыс етілді.



ШІЛДЕ

1 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ Қазақстан Республикасының төтенше жағдайлар мен денсаулық сақтау министрліктерімен бірлесе отырып, «Денсаулық» атты арнаулы емдеу-диагностикалау медициналық пойызын ұйымдастырып, жөнелтті.

9 – ҚР Үкімет басшысы Қостанай облысына жасаған жұмыс сапары барысында темір жол көлігін дамыту мәселелері жөнінде көшпелі кеңес өткізіп, онда Арқалық – Шұбаркөл жаңа темір жол құрылысына қатысты мәселе қарастырылып, талқыланды.

18 – «Сименс АГ» концернінің Төрағасы Петер Лёшердің Қазақстанға сапары шеңберінде Астана қаласында Сименс компаниясы мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

29 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да Консультативтік кеңес отырысы мен 12 жұмыскерді жоғары наградамен – «Құрметті теміржолшы» белгісімен марапаттау салтанаты өтті.

30 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті А. Маминге ҚР Төтенше жағдайлар жөніндегі министрлігінің «Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін» медалі тағылды.

ТАМЫЗ

4 – Алматы облысында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның бірінші басшылары мен мердігерлік ұйым өкілдерінің қатысуымен Қорғас – Жетіген темір жол желісінің құрылыс барысын бақылау штабының көшпелі кеңесі өтті.

6 – АҚШ ҚР-ғы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ричард Хоугланд Астана қаласындағы локомотив жинау зауытында болып қайтты.

10 – «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Басқарма Төрағасының қатысуымен кеңес өткізіліп, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бірінші жарты жылдықта атқарған жұмысының қорытындысы туралы есеп пен 2010 жылы күтілетін нәтижелер тыңдалды.

12 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімовке темір жол саласы қызметінің бірінші жарты жылдығының қорытындысы туралы есеп беріп, 2010 жылдың соңына дейін жоспарланған міндеттер жайында баяндап берді.

12-13 – Достық станциясында Қазақстан мен Қытай темір жолының түйіскеніне 20 жыл толуын атап өту салтанатты шаралары өтті.



23 – Бидай мен көмір экспорттаушыларының қатысуымен «РЖД» ААҚ-ның Ресей аумағымен өтетін транзиттік тасымалдарға қолданылып жүрген тарифтерді есептеу кезінде қолданылатын коэффициенттерді азайту механизмін қолдануға арналған кеңес өтті.

31 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ топ басшыларының Бірінші саммитінде баяндама жасады.

ҚЫРКҮЙЕК

1-5 – Қостанай облысындағы «Қарағай орманы» шипажайында «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-ның Аймақтық жастар форумы өткізілді.

7 – Ресей мен Қазақстан арасындағы аймақаралық ынтымақтастық форумының шеңберінде «Қазақстан темір жолы» мен «Российские железные дороги» басшылары Асқар Мамин мен Владимир Якунин Кедендік одақ аумағында кедендік операциялар жүргізілген кездегі компаниялар арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды.

7 – Алматы қаласында «Қазақстан Республикасының экспорттық әлеуетін арттыру» тақырыбына арналған дөңгелек үстел өтті.

7-10 – Ақмола облысының Щучинск қаласында ТМД мемлекеттері темір жолдарының Тарифтік келісімінің қатысушылары – темір жол өкілшіліктері сарапшыларының кеңесі өтті.

7 – «Денсаулық» атты медициналық қайырымдылық емдеу-сауықтыру пойызы республикадағы шағын станциялар мен разъездерге жасаған алғашқы сапарын аяқтады.

9 – Ақмола жол бөлімшесінің Бурабай курорты станциясында техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде темір жол қызметтерінің, басқару органдарының, апатты-құтқару бөлімшелерінің іс-қимылдарын жаттықтыру бойынша арнайы тактикалық оқу-жаттығулар өтті.

10 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин мен АҚШ-тың ҚР-ғы Төтенше және Өкілетті Елшісі Ричард Хоугланд стратегиялық маңызы бар бірқатар темір жол учаскелерін қайта құрудың техника-экономикалық негіздемесін дайындауға грант бөлу туралы келісімге өз қолдарын қойды.



20 – Шымкент қаласында Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасының көлік және коммуникациялар министрліктерінің шекаралық темір жолдардың аралас комиссияларының 19-кеңесі өтті.

29 – Қазақстан теміржолшылары кәсіподақтарының VI Съезі өтіп, съездің жаңа төрағасы болып, Оразғали Ахметбаев сайланды.

ҚАЗАН

11-13 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ делегациясы «Стратегиялық серіктестік 1520: Кавказ өңірі» атты халықаралық аймақтық темір жол бизнес-форумына қатысты.

20-21 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ делегациясы Вильнюсте өткен Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің 53-отырысына қатысты.

22 – Компания қызметкерлерінің арасында «Қазақстанның болашағы – қазақ тілі» атты мемлекеттік тілді меңгеру байқауы өтті.



26 – Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Бельгия Корольдігіне ресми сапары шеңберінде Брюссель қаласында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ мен «Siemens AG» компаниясы арасында модернизациялау жобаларын іске асыратын бірлескен кәсіпорындар құру және темір жолдардың электр қуатымен жабдықталу жүйелерін жаңарту туралы шартқа қол қою рәсімі өтті.

27 – Қазақстан Республикасы Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Франция Республикасына ресми сапары шеңберінде Париж қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ, «Электровоз жинау зауыты» ЖШС, Францияның «ALSTOM Transport SA» компаниясы мен Ресейдің «Трансма-шхолдинг» ЖАҚ арасында 295 электровоз жеткізу шартына қол қойылды.

25-29 – Павлодар облысындағы «Мойылды» шипажайында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Аймақтық жастар форумы өтті.

ҚАРАША

2 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин мен «Нұр Отан» ХДП Төрағасының бірінші орынбасары Нұрлан Нығматулин ҚР Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасының негізгі ережелерін насихаттау мақсатында Астана қаласындағы локомотив жинау зауытында болып қайтты.

22 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да «Әкем, анам және мен – спорт сүйетін жанұя» деген атпен алғашқы спорт шарасы өткізілді.

23 – Ашхабад қаласында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин Түркіменстанның темір жол көлік министрі Розымырат Сейиткулиевпен кездесіп, кездесу барысында екі елдің темір жол көлігі саласында ынтымақтастықты орнату мәселелері мен Қазақстан мен Түркіменстан жерінде жүргізіліп жатқан темір жол желісі құрылысының қазіргі кезеңі талқыланды.

28 – Достық станциясында темір жол жұмыскерлеріне арналған жаңа әкімшілік-тұрмыстық кешені салтанатты түрде ашылды.

ЖЕЛТОҚСАН

1 – Еуропаның қайта құру және даму банкінің «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның еншілес компаниясы – «Қазтеміртранс» АҚ-на жаңа жүк вагондарын сатып алуға \$200 миллион сомаға қарыз туралы шартына қол қойылды.

4-10 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның делегациясы Пекин қаласында (ҚХР) Атқарушы кеңес отырысына, Халықаралық темір жол одағының Бас ассамблеясының 77-сессиясы мен Жоғары жылдамдықтағы қозғалыс жөніндегі 7-конгресске қатысты.

7 – Рационализаторлық ұсыныстардың республикалық байқауында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ жұмыскерлерінің рационализаторлық үш ұсынысы ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің байқау қорытындысы бойынша үздік деп танылды.

7 – Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің отырысында Компанияның 2011–2015 жылдарға арналған Даму жоспары бекітілді.



10-15 – Астана қаласында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ І-Республикалық жастар форумы өтті.

13 – «Денсаулық» медициналық пойыз жобасы «Қазақстандағы № 1 таңдау» Ұлттық сыйлығының «Өлеуметтік жауапты жоба» номинациясында жеңімпаз атанды.

13 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-да «Темір жол аруы» мен «Жігіт Сұлтаны» корпоративтік байқаулары өтті.

14 – Астана станциясында «Жәрдем» деп аталатын екінші консультативтік-диагностикалық медициналық пойыздың тұсауы кесілді.

15 – Астана жол қашықтығы жұмыскерлерінің «АСЭ-1 автомотрисасы негізіндегі ЛДМ-1 ұтқыр дефектоскопты зертхана» тақырыбындағы рационализаторлық ұсыныстардың Республикалық байқауында үздік деп танылды. Байқау жеңімпаздарына «Пекин Палас Soluxe Hotel Astana» қонақ үйінде салтанатты түрде дипломдар табысталып, 1 млн теңге сомасында ақшалай сыйлық берілді.

15 – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне арналған салтанатты жиыны өткізілді. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин темір жол қызметінің 36 жұмыскерін мемлекеттік және салалық наградалармен марапаттады.

21 – Астана қаласында Қазақстан Республикасы Президентінің «Алтын сапа» сыйлығын салтанатты табыс ету рәсімі өтті. «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-ның локомотив жинау кәсіпорны «Үздік өндіріс кәсіпорны» номинациясында жеңімпаз атанды.

21 – Үдемелі индустриалды-инновациялық даму бағдарламасы бойынша индустриалдық нысандардың ашылуына арналған «ІРГЕСІ БЕРІК ҚАЗАҚСТАНДЫ БІРГЕ ҚҰРАЙЫҚ!» телекөпірінің шеңберінде «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның президенті Асқар Мамин Елбасы Н.Ә. Назарбаевқа компания жобаларын ұсынды.

23 – «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның компания, филиал мен еншілес ұйымдарының заң қызметтерінің жұмыскерлері мемлекеттік құқық қорғау органдары өкілдерінің қатысумен дөңгелек үстел өткізді.

24 – Fitch Ratings агенттігі «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның шетел валютасындағы эмитент дефолтының ұзақ мерзімді рейтингтерін растады.

27 – ҚР Премьер-министрі Кәрім Мәсімов Өзен – Түркіменстанмен мемлекеттік шекара темір жол желісінің құрылысы барысымен танысты.

29 – Standard & Poor's агенттігі аналитиктердің «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның мемлекет тарапынан шұғыл қолдау алу мүмкіндігі аса жоғары деген пікірін ескере келе, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның рейтингтерін «BB+» деңгейінен «BBB-» деңгейіне көтерді.

КОМПАНИЯЛАР ТОБЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ЕСЕБІ



- Іскерлік және жалпы ахуал
 - Компания ішіндегі өзгерістер
 - Компания қызметінің жалпы көрсеткіштері
 - Жүк тасымалы
 - Жолаушылар тасымалы
 - Темір жол инфрақұрылымы
- Қаржы-экономикалық қызмет
- Нарықтың мемлекеттік реттелуін сараптау
- Халықаралық ынтымақтастық



Іскерлік және жалпы ахуал

КОМПАНИЯ ІШІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Компанияның жергілікті актілеріндегі өзгерістер

2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның ішкі жұмыс тәртібін реттейтін төмендегідей жергілікті актілері қабылданды:

- «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның орталық аппаратының регламенті (2010 жылғы 13 қыркүйектегі № 357-Ц бұйрығымен бекітілді);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ 2010–2011 жылдарға арналған корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру іс-шараларының жоспары («ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 7 мамырдағы шешімімен бекітілген, № 3 хаттама);
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ орталық аппаратының әкімшілік-басқару қызметкерлерінің еңбекақысын төлеу ережесі («ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 26 наурыздағы шешімімен бекітілген, № 2 хаттама);
- «Міндеттерді үлестіру және өкілеттіктерді бөлу туралы» 2009 жылғы 21 тамыздағы № 525-Ц және «Лауазымдар номенклатурасы туралы» 2009 жылғы 3 шілдедегі № 382-Ц бұйрықтарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу (2010 жылғы 10 желтоқсандағы № 432-Ц бұйрықпен бекітілген).
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдары арасында 2010 жылдың 11 маусымында № 278-АҚ Серікте-стік туралы келісім жасалды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ активтер портфелі

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның активтер портфелінің қазіргі құрылымы функционалдық ұстаным бойынша бейінді мен бейінді емес қызмет түрлерімен айналысатын және бүкіл Қазақстан аумағында географиялық орналасқан 26 еншілес, тәуелді және бірлесіп бақыланатын ұйымдармен сатылас интеграцияланған компанияның құрылымын бейнелейді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-на:

1. төмендегі акционерлік қоғамдардың жай акциялар пакетінің 100% тиесілі:

1) «Локомотив» АҚ

«Локомотив» АҚ жарияланған акцияларының жалпы саны 50 588 989 акцияны құрайды. Олардың 50 588 989 орналастырылған. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на 48 897 878 акция тиесілі болса, 1 691 112 акция ремиссиялық шотта тұр. Оларды «Локомотив» АҚ сатып алған болып саналады.

«Локомотив» АҚ қызметінің негізгі түрлері: тарту күші бар жылжымалы құрамның қызметтері, локомотивтердің жұмысын техникалық ұйымдастыру, локомотивтерді запас пен резервтің барлық түрлерінде техникалық жөнделген күйінде ұстау.

2) «Қазтранссервис» АҚ

«Қазтранссервис» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 2 245 191 акцияны құрайды. Олардың 1 175 759 орналастырылған.

«Қазтранссервис» АҚ қызметінің негізгі түрлері: контейнерлік тасымалдар қызметін ұсыну (жөнелтушілердің тапсырыстарын рәсімдеуден бастап, жүкті алушыларға жіберуге дейін, жүк вагондары мен контейнерлерді есепке алу және пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру), заңды және жеке тұлғаларға ілеспе қызметтердің барлығын көрсету (қатынастың барлық түрлерінде).

3) «Транстелеком» АҚ

«Транстелеком» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 971 089 құрайды. Олардың 971 089 орналастырылған.

«Транстелеком» АҚ қызметінің негізгі түрлері: заңды және жеке тұлғаларға жергілікті, қалааралық және халықаралық байланыс, аудиоконференцбайланыс және/немесе Интернет желісіне қосылу, жал, байланыс арналары, желілерді қосу және трафикті өткізу, жылжымалы радиотелефон байланысы, ұялы байланыс қызметтерін көрсету, оператор келісімімен магистральдық желі құру және оны темір жол көлігінің бөлінген алабында, талшықты-оптикалық және мыстан жасалған кабелдік байланыс желілерінде, спутниктік және радиорелелік телекоммуникациялар жүйесінің рұқсат етілген кез келген жерінде пайдалану.

4) «Жолаушылар тасымалы» АҚ

«Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 69 133 127 құрайды. Олардың 69 064 335 орналастырылған. 2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның 1 962 860 акциясын сатып алды.

Жолаушылар тасымалы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жолаушылар темір жол тасымалын ұйымдастыру және қамтамасыз ету, халықаралық, облысаралық, ауданаралық және ішкі қатынастарда жолжүк, жүк жолжүгі мен пошта жөнелтілімдерін тасымалдау, қызмет көрсетуді, жөндеу жұмыстарын және жолаушылар вагондары паркінің пайдаланылуын ұйымдастыру, жолаушылар пойыздары қозғалысының, жолаушылар өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін және тасымалданатын жолжүгінің, жол жолжүгінің және пошта жөнелтілімдерінің амандықта сақталуын қамтамасыз ету.

5) «Көлікке қызмет көрсету орталығы» АҚ
«Көлікке қызмет көрсету орталығы» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 1 139 646 құрайды. Олардың 522 254 орналастырылған.

«Көлікке қызмет көрсету орталығы» АҚ-ның қызметінің негізгі түрлері: заңды және жеке тұлғаларға темір жол кіру жолдар қызметін көрсету, дәлірек айтсақ, жылжымалы құрам өтетін, маневрлік жұмыстарды жүргізу үшін, тиеу-түсіру үшін, тасымалдау процессінің басқа да технологиялық операцияларын жүргізу үшін, сондай-ақ тасымалдау процессінің технологиялық операцияларымен қарастырылмаған жылжымалы құрам тұрақтау үшін кірме жолдар қызметін ұсыну, темір жол кірме жолдардың жұмыс күйін ұстау және оларды жөндеу, шағын механика құралдарын дайындау.



6) «Әскерилендірілген темір жол күзеті» АҚ

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 106 444 құрайды. Олардың 106 444 орналастырылған.

«Әскерилендірілген темір жол күзеті» АҚ қызметінің негізгі түрлері: заңды және жеке тұлғалардың мүлігін күзету, соның ішінде тасымалданған уақытта күзету, заңсыз қол сұғушылықтан сақтау және заңды қорғау әдістері бойынша кеңес беру, ұсыныстар дайындау, жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.

7) «Қазтеміртранс» АҚ

«Қазтеміртранс» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 63 000 000 құрайды. Олардың 61 043 178 орналастырылған. 2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Қазтеміртранс» АҚ-ның 150 122 акциясын сатып алды.



«Қазтеміртранс» АҚ қызметінің негізгі түрлері: темір жол көлігімен жүк, соның ішінде шағын, арнайы, әскери және қауіпті жүкті тасымалдау, вагондар өкелу және тазалау қызметтерін көрсету, көлік-экспедициялық қызметтер көрсету, вагон паркін басқару, «Қазтеміртранс» АҚ-ның Қазақстан Республикасы аумағындағы және одан тысқары жерлердегі вагондарының есебін жүргізу, жүк вагондарын мүлктік жалға беру, жүк вагондарын жөндеу.



8) «Теміржолжылу» АҚ

«Теміржолжылу» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 2 888 416 құрайды. Олардың 2 888 416 орналастырылған. 2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржолжылу» АҚ-ның 183 028 акциясын сатып алды.

«Теміржолжылу» АҚ қызметінің негізгі түрлері: темір жол көлік ұйымдарының, өзге заңды тұлғалар мен халықтың жылу мен электр энергияларына мұқтаждылығын уақытылы және сапалы қамтамасыз ету, қатты және сұйық отын сатып алу, сату, консультациялық қызметтер көрсету.



9) «Теміржолсу» АҚ

«Теміржолсу» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 3 848 538 құрайды. Олардың 3 848 538 орналастырылған. 2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Теміржолсу» АҚ-ның 282 189 акциясын сатып алды.

«Теміржолсу» АҚ қызметінің негізгі түрлері: темір жол көлік ұйымдары мен халықтың ауыз су мен техникалық суға мұқтаждылығын уақытылы және сапалы қамтамасыз ету, ағын суларды қабылдау, тазалау және төгу, сумен қамту жүйелері мен санитарлық-техникалық құрылғыларға техникалық қызмет көрсету.

10) «Локомотив сервис орталығы» АҚ

«Локомотив сервис орталығы» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 3 000 000 құрайды. Олардың 1 406 437 орналастырылған.

«Локомотив сервис орталығы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: пайдаланыстағы локомотивтердің техникалық істеп тұрған күйі мен орнықты жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету қызметтерін ұсыну, локомотивті тарту қызметін көрсету, локомотив бригадаларының демалысын ұйымдастыру қызметтерін көрсету, локомотивтерге жанар-жағармай құю, локомотивтерді маймен, сумен, құммен жабдықтау, темір жол жылжымалы құрамды жөндеу және оған техникалық қызмет көрсету, темір жол жылжымалы құрамның дөңгелек жұптарын куәландыру, темір жол жылжымалы құрамның дөңгелек жұптарын жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету.

11) «Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ

«Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 4 968 669 құрайды. Олардың 4 968 669 орналастырылған.

«Алматы вагон жөндеу зауыты» АҚ қызметінің негізгі түрлері: темір жол көлігі мен басқа саладағы кәсіпорындардың темір жол жылжымалы құрамдарын, олардың түйіндері мен агрегаттарын

жөндеу, жаңа технологияларды, механика құралдарын әзірлеу және оларды қолданысқа енгізу, өндіріс процесстерін автоматтандыру, қосалқы бөлшектер мен стандартты емес жабдықтар дайындау.

12) «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ

«Локомотив құрастыру зауыты»

АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 11 317 948 құрайды. Олардың 6 764 754 орналастырылған. 2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Локомотив құрастыру зауыты» АҚ-ның 5 820 501 акциясын сатып алды.

«Локомотив құрастыру зауыты» АҚ қызметінің негізгі түрлері: локомотивтер шығару, локомотивтердің қосалқы бөлшектерін шығару, тартымды жылжымалы құрам қызметтерін ұсыну, пайдаланыстағы локомотивтердің техникалық жөнделген күйі мен орнықты жұмыс істеп тұруын қамтамасыз ету, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктері негізінде әзірленген тартымның, оларды пайдалануға және жөндеуге арналған құрылғылардың жаңа түрлерін енгізу шараларын әзірлеу және орындау, лизингтік қызметпен айналысу.

13) «Ремлокомотив» АҚ

«Ремлокомотив» АҚ-ның жарияланған акцияларының жалпы саны 2 177 699 құрайды. Олардың 2 177 699 орналастырылған.

«Ремлокомотив» АҚ қызметінің негізгі түрлері: тартымды жылжымалы құрамды, моторвагонды жылжымалы құрамды, класты вагондар мен жол техникасын модернизациялау, техникалық қызмет көрсетуіне ұйымдастыру және басқа да жұмыс түрлерін орындау, локомотив жабдығына қызмет көрсету, оны жөндеу және модернизациялау.

14) «Теміржолсу-жылу жабдықтау» ААҚ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы № 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004–2006 жылдарға арналған темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес «Теміржолсу-жылу жабдықтау» ААҚ қайта ұйымдастыру нәтижесінде бөліну жолымен «Теміржолсу» және «Теміржолжылу» акционерлік қоғамдары құрылып, тарату балансы бойынша су және жылумен жабдықтау нысандарының барлығы осы екі акционерлік қоғамға өткізілді.

Осыған байланысты қазіргі уақытта «Теміржолсу-жылу жабдықтау» ААҚ өндіріс қызметімен айналыспайды.

15) «Ремвагон» АҚ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы № 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004–2006 жылдарға арналған темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес «Ремвагон» АҚ филиалдарының балансында есепке алынатын мүліктің – вагон жөндеу депосының негізінде жарғылық капиталдардағы үлесі белгіленген тәртіппен сауда-саттықтарда сатылған жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құрылды.

Осыған байланысты қазіргі уақытта «Ремвагон» АҚ өндіріс қызметімен айналыспайды және «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ президентінің 2006 жылғы 14 желтоқсандағы № 837-Ц бұйрығына сәйкес таратылып жатыр.

16) «Теміржолжөндеу маш» ААҚ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы № 145 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2004–2006 жылдарға арналған темір жол көлігін қайта құрылымдау бағдарламасына сәйкес «Желдорремаш» ААҚ филиалдарының балансында есепке алынатын мүліктің негізінде акциялар пакеті мен жарғылық капиталдардағы үлесі белгіленген тәртіппен сауда-саттықтарда сатылған акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер құрылды.

Осыған байланысты қазіргі уақытта «Теміржолжөндеу маш» ААҚ өндіріс қызметімен айналыспайды және «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 5 маусымдағы шешіміне сәйкес (№ 4 хаттама) таратылып жатыр.



2. Акционерлік қоғамдардың акциялар пакеті:

1) «Досжан темір жолы» АҚ-ның жай акциялар пакетінің 46,016%

2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Досжан темір жолы» АҚ-ның 3 880 акциясын сатып алды.

«Досжан темір жолы» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жобалау-сметалық құжаттамасының және жобалу-іздігіру жұмыстарының өзірленуін қамтамасыз ету, құрылыс, жөндеу және іске қосу-ретке келтіру жұмыстарын орындау үшін мердігерлік ұйымдарды тарту, жобалау құжаттамасының және орындалған мердігерлік жұмыстардың сарапталуын, сондай-ақ жаңа инфрақұрылымдық нысандардың қабылдануын ұйымдастыру, Қоғамның бағалы қағаздарының шығарылуы мен орналастырылуын ұйымдастыру жолымен Шар Станциясы – Өскемен темір жол желісінің құрылысына және пайдаланылуына қажетті қаражатты тарту, Шар Станциясы – Өскемен темір жол желісі мен темір жол инфрақұрылымының басқа да нысандарын пайдалану.



2) «Кедентранссервис» АҚ-ның жай акциялар пакетінің 33%.

«Кедентранссервис» АҚ қызметінің негізгі түрлері: тиеу-түсіру жұмыстары, жүкті кедендік рәсімдеу, локомотив тартымының қызметін ұсыну, вагон (контейнер) операторының қызметін ұсыну, жекелеген кедендік режимдердің шеңберінде Қазақстан Республикасының кедендік заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын қызмет, сондай-ақ кедендік қызметтер көрсету.

3) «Теміржол жөндеу» АҚ-ның жай акциялар пакетінің 23,43%.

«Теміржол жөндеу» АҚ қызметінің негізгі түрлері: жолды қайта құру, күрделі жөндеу және орташа жөндеу жұмыстарын және жол шаруашылығындағы жұмыстардың басқа да түрлерін ұйымдастыру, жаңа темір жол желілерінің құрылысын жүргізу, ауыр жол машиналар паркін, механизмдерді және жабдықтарды пайдалану, оларға қызмет көрсетіп, жөндеу, рельсошпалды торды қосу, бағытталмалы бұрмаларды жинау және төсеу, жүк тасу, жолдың жоғарғы қабатының материалдары мен сусымалы жүкті жеке жылжымалы құраммен тасу, жол машиналарына күрделі, орташа және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жүргізу, автотрактор техникасын, дизельдік қозғалтқыштар мен шағын механикаланған құралдарды жөндеу, темір жолдың, автомобиль жолдарының балласт қабатына төселетін және құрылысқа арналған ұсақталған тас шығару.

4) «Каскор Транссервис» АҚ-ның жай акциялар пакетінің 13,403%.

«Каскор Транссервис» АҚ қызметінің негізгі түрлері: көлік-экспедициялық қызмет көрсету, Маңғышлақ ст. – Ақтау порт учаскесінде кірме жолдар қызметін көрсету.

5) «Қазақстан Халық банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның (ҚХБ ЖЗҚ) жай акциялар пакетінің 3,521%.

2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Қазақстан Халық банкінің Жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-ның 349 720 акциясын сатып алды.

ҚХБ ЖЗҚ қызметінің негізгі түрлері: зейнетақы салымдарын қабылдау және салымшылардың инвестициялық кірісін қамтамасыз ету.

6) «Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» Жауапкершілігі шектеулі компаниясының жай акциялар пакетінің 0,36%.

«Kazakhstan Temir Zholy Finance B.V.» Жауапкершілігі шектеулі компаниясының қызмет түрлері: қарызға қаражат алу, облигациялар шығару, банктік қаржыландыру арқылы немесе басқа да кез келген жолмен компания топтарын қаржыландыру.

3. Төмендегі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің 100% үлесі:

1) «Орманқорғау» ЖШС

«Орманқорғау» ЖШС қызметінің негізгі түрлері: жасанды және табиғи орман алқаптарына қызмет көрсету, магистралды темір жол желісі өтетін сызықтарда қар, жел және құмнан қорғайтын жаңа және жасыл алқаптарды құру, қорғаныш болатын орман алқаптарын заңсыз шабудан, тап-таудан, өрттен, зақымданудан және басқа да бұзушылықтардан қорғау, станциялардың, вокзалдардың, темір жол өтетін ауылдардың және басқа да нысандардың аумағын көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, зиянкестер мен орманның ауруларын анықтау және жою, карантинді арамшөптермен күресу және орман алқаптарын тиісті күйінде ұстау үшін басқа да жұмыстарды жүргізу, ағаштар мен талдардың ұрықтарын дайындау, отырғызылатын түптерді жылыжайларда, оранжереяларда, тәлімбақтарда өсіру, артынан сату, қорғайтын орман алқаптарын тиісті күйінде ұстау.

2) «Ертіс сервис» ЖШС, «Қазығұрт-Оңтүстік» ЖШС

«Ертіс сервис» ЖШС, «Қазығұрт-Оңтүстік» ЖШС қызметінің негізгі түрлері: вагондарды булау, жуу және мұнай құюға дайындау, темір жол жылжымалы құрамға ағымдағы ағытпалы жөндеу жұмысын жүргізу, тексеруге және вагондарды жүктеуге, дайындауға тиісті тексерулермен ілесетін қызмет көрсету, жылжымалы құрамды, соның ішінде қауіпті жүк тасымалдау кезінде пайдаланылатын арнайы контейнерлерді жөндеу.

3) «Ақжайық-Батыс 2006» ЖШС

Қазіргі уақытта «Ақжайық-Батыс 2006» ЖШС өндіріс қызметімен айналыспайды және «ҚТЖ» ҰК» АҚ Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 24 қарашадағы шешіміне сәйкес (№ 7 хаттама) таратылып жатыр.

КОМПАНИЯ ҚЫЗМЕТІНІҢ ЖАЛПЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

КӨРСЕТКІШ АТАУЫ	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	2009 ЖЫЛ (ІС ЖҮЗІНДЕ)	2010 ЖЫЛ (ІС ЖҮЗІНДЕ)	2010/2009	
				%	АБС
ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК	мың тонна	247 677	267 735	108,1	20 058
СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША:					
республика ішілік	мың тонна	131 321	140 876	107,3	9 555
шығару	мың тонна	85 707	96 026	112,0	10 319
әкелу	мың тонна	15 890	16 866	106,1	976
транзит	мың тонна	14 759	13 967	94,6	-792
ТАРИФТІК ЖҮК АЙНАЛЫМЫ	млн ткм	197 302	213 174	108,0	15 872
СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША:					
республика ішілік	млн ткм	75 427	82 877	109,9	7 450
шығару	млн ткм	79 763	87 898	110,2	8 135
әкелу	млн ткм	17 656	18 229	103,2	573
транзит	млн ткм	24 456	24 170	98,8	-286
1 ТОННА ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН ОРТАША ҚАШЫҚТЫҚ	км	797	796	99,9	-1
СОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАТЫНАС ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША:					
республика ішілік	км	574	588	102,4	14
шығару	км	931	915	98,3	-16
әкелу	км	1 111	1 081	97,3	-30
транзит	км	1 657	1 731	104,5	74
ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ *	млн жкм	12 912	13 991	108,4	1 079


* көрсеткіш «Жолаушылар тасымалы» АҚ шоғырына кіретін тасымалдаушылар бойынша келтірілген

Жүк тасымалы


«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2010 жылы тасымалдаған жүктің жалпы көлемі **267 735 тонна-ны** құрады. Оның 35,9% экспорттық қатынаста, 52,6% – облыс аралық, 6,3% – импорттық және 5,2% транзиттік қатынаста.

Темір жол көлігі арқылы тасымалданған жүк көлемі өткен 2009 жылмен салыстырғанда 20 058 мың тоннаға немесе 8,1% артса, транзиттік жүк тасымалының көлемі азайған.

2002 ЖЫЛДАН БАСТАП, 2010 ЖЫЛҒА ДЕЙІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ ҚАРҚЫНЫ, МЛН ТКМ




2010 ЖЫЛЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК КӨЛЕМІ




Есеп беру жылы тасымалдардың жүк айналымы 2009 жылмен салыстырғанда 15 872 млн ткм, немесе 8,0% өсіп, **213 174 млн ткм** құрады. Тасымалдардың орташа қашықтығы 1 шақырымға қысқарып, 796 шақырымды құрады.


2010 ЖЫЛЫ ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮКТІҢ ЖҮК АЙНАЛЫМЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




2010 ЖЫЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН ЖҮК ТАСЫМАЛЫНАН ТҮСКЕН КІРІСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ




ҮЛЕСТІК ҚАТЫНАСТА НЕГІЗГІ НОМЕНКЛАТУРА БӨЛІНІСІНДЕ ОБЛЫС АРАЛЫҒЫНДА ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК




ҮЛЕСТІК ҚАТЫНАСТА НЕГІЗГІ НОМЕНКЛАТУРА БӨЛІНІСІНДЕ ЭКСПОРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ



ҮЛЕСТІК ҚАТЫНАСТА НЕГІЗГІ НОМЕНКЛАТУРА БӨЛІНІСІНДЕ ИМПОРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАҒЫ ЖҮК ТАСЫМАЛ



ҮЛЕСТІК ҚАТЫНАСТА НЕГІЗГІ НОМЕНКЛАТУРА БӨЛІНІСІНДЕ ТРАНЗИТТІК ҚАТЫНАСТАҒЫ ЖҮК ТАСЫМАЛЫ



Жолаушылар тасымалы

Негізгі өндіріс көрсеткіштері

2010 жылдың қорытындысы бойынша жолаушылар шаруашылығындағы негізгі өндіріс көрсеткіштері келесідей болды:

- Жолаушылар айналымы 13 млрд 991 млн жол. км;
- Тасымалданған жолаушылар саны 15 млрд 016 млн жолаушыны құрады.

Жолаушылар жылжымалы құрамын жаңарту және бағыттарды көбейту

Жолаушыларды тасымалдау үрдісін ұйымдастырудың қазіргі тәсілдеріне өзгерістер енгізілуіне байланысты, сондай-ақ жолаушыларға сервистік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша алға қойылған мақсаттардың өзгеруіне байланысты қазіргі кезде жолаушылар пойыздарының келу және кету уақытын жақсарту, жол жүру уақытын азайту, сондай-ақ жолаушылар пойыздарының бағыт жылдамдығын арттыру жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді.

2011 жылдан бастап, 2014 жыл аралығында жүргізілетін жолаушылар таситын жылжымалы құрамның құрал-мүлік паркін жаңарту жұмыстарының шеңберінде төмендегі жолаушылар және оларға теңестірілген вагондарды сатып алу жоспарланып отыр:

- 22.12.10 жылғы № ПЛВК-276 «Лизингтік жолаушылар вагоны компаниясы» АҚ мен «Тверской вагоностроительный завод» ААҚ арасында жасалған шарттың шеңберінде 2011 жылы 22 жолаушылар вагонын сатып алу жоспарлануда.

- «Жолаушылар тасымалы» АҚ мен «Тұлпар-Тальго» ЖШС арасында жасалған 05.11.10 жылғы шарттың шеңберінде 2011–2014 жж. аралығында 420 жолаушылар және оларға теңестірілген Тальго вагондарын сатып алу жоспарлануда. Атап айтар болсақ,

2011 жылы – 17 бірл.
2012 жылы – 123 бірл.
2013 жылы – 140 бірл.
2014 жылы – 140 бірл.
вагон сатып алынбақшы.



Жолаушылар пойыздарының жүру бағытын оңтайландыру жұмыстарының шеңберінде 2011 жылдың 1 шілдесінен бастап, Атырау – Астана бағыты бойынша күнара жүретін № 47/48 жүрдек жолаушылар пойызын іске қосылады деп жоспарлануда.

Бұдан басқа, 2011 жылдан 2014 жыл аралығында алты бағыт бойынша жүретін Тальго вагондарынан құрастырылған жолаушылар пойыздарын іске қосу жоспарланып отыр.

«ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНА КІРЕТІН КӘСІПОРЫНДАР БОЙЫНША 2004–2010 ЖЖ. НЕГІЗГІ ӨНДІРІС КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ

№	КӨРСЕТКІШ АТАУЫ	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010
1.	ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ, барлығы млн ж-км	11 817,7	12 129,4	13 613,4	13 528,2	10 607,7	12 912,0	13 990,8
2.	ЖӨНЕЛТІЛГЕН ЖОЛАУШЫЛАР, мың жол.	13 859,8	14 261,5	17 282,2	13 734,7	11 267,6	14 116,7	15 016,0
3.	ХАЛЫҚТЫҢ ОРТАША САНЫ, жол./ваг	26,8	27,9	29,3	32,3	31,1	32,6	32,6

Темір жол инфрақұрылымы

Негізгі пайдалану көрсеткіштері

ТЕХНИКА ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ТҮЙІСПЕ ЖЕЛІСІНІҢ ЖАҒДАЙЫ ОРТАША БАЛДЫҚ БАҒАМЕН БАҒАЛАНАДЫ

№	КӨРСЕТКІШТЕР	ӨЛШ. БІРЛ.	2009	2010	+/- 2009
ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ					
1.	Жол жағдайының баллдық бағасы	балл	46 (жақсы)	51 (жақсы)	+5
2.	Бағасы қанағаттандырмайтын жол, км	км	327	424	+97
3.	4-дәрежелі жөнсіздіктер саны	бірл.	11 133	11 206	+73
4.	5-дәрежелі жөнсіздіктер саны	бірл.	139	181	+42
5.	Жүк пойыздары қозғалысының орташа жылдамдығы:				
	- орта есеptі	км/сағ	68,27	69,0	+0,73
ДАБЫЛ ЖӘНЕ БАЙЛАНЫС ШАРУАШЫЛЫҒЫ					
1.	Техника құралдарының баллдық бағасы	балл	4,9 (үзд.)	7,7 (жақсы)	+2,8
ЭЛЕКТР ҚҰАТЫМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ					
1.	Байланыс желісі жағдайының баллдық бағасы	балл	15,9 (үзд.)	15,7 (жақсы)	-0,2

Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырар болсақ, техника құралдары мен түйіспе желісінің жағдайы орташа балдық бағасы электр қуатымен жабдықталу шаруашылығы бойынша 0,2 балға жақсарған.

Жол шаруашылығы, дабыл және байланыс бойынша балдың жоғарылауына жол берілген, алайда нормативтік құжаттамаға сәйкес жолдың жағдайы, СЦБ құрылғылары мен байланыстың жағдайы «жақсы» деп бағалануда.

Бағасы қанағаттандырмайтын шақырым саны 42 шақырымға (327 шақырымнан 424 шақырымға) көбейген. 73 шегінуге 4-дәрежедегі жөнсіздік саны 11 133-тен 11 206-ға өскен.

Жалпы, шаруашылық бойынша көрсеткіштердің артуы 2010 жылдың 1 тамызынан бастап, ленталардың шифрленуін ашудың және рельстік жолтабанның жағдайын бағалаудың жаңа нұсқауларының енгізілуімен байланысты болып отыр. Қазіргі таңда жол өлшеу вагонының қағыстары қатаң болған.

Күрделі жөндеу жоспарын орындау

Магистралдық желі нысандарын күрделі жөндеу жүргізу үшін 2010 жылы негізгі қызмет бюджетінен 12 186,990 теңге қаржы бөлініп, оның 11 437,136 теңгесі немесе 93,8% игерілген.

Орындалған жұмыстар төмендегідей:

- түйіспейтін жолдың 73,97 шақырым бунағы төселіп, жоспарланған 73 шақырымнан (101,3%) асты;
- 74,025 шақырым жолға жаңа рельс салынып, жоспарланған 74 шақырымнан (100%) асты;
- 81,65 жолға күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жоспарланған 84,97 (96,1%) асты;
- жоспарланған 136,340 шақырымның орнына 155,450 шақырым (114%) жолдың рельстері ауыстырылды;
- жоспарланған 637-нің орнына бағыттамалы бұрманың 696 жиынтығы ауыстырылды (109,3%);
- жоспарланған бұрма білеудің 423 жиынтығының орнына 370 жиынтығы ауыстырылды (87,5%);
- 1 116 ЭЦ бағыттамаларына күрделі жөндеу жүргізіліп, 1 116 бағыттаманы жөндеу жоспары орындалды (100%);
- автооқшаулаудың 798,77 шақырымы жөнделіп, жоспарланған 798,76 шақырым орындалды (100%);
- ВЛ-6, 10 кВ, 35кВ 346,20 шақырымы жөнделіп, 346,18 шақырым жоспар орындалды. (100%);
- түйіспелі желінің 380,7 шақырымына күрделі жөндеу жүргізіліп, 380,7 шақырым жоспар орындалды (100%).

Магистралдық желіні дамыту бағдарламасының іске асырылуы

Достық ст. мен Ақтоғай – Достық темір жол учаскесін дамыту

Достық станциясы мен Ақтоғай – Достық темір жол учаскесін дамыту іс-шараларының 2008–2011 жылдарға арналған жоспарына сәйкес 2010 жылы іс-шаралардың жүргізілуіне Магистралдық желі дирекциясының бюджетінен 1 766,5 млн теңге қарастырылып, игеру 2 152,6 млн теңгені (121%) құрады.

2010 жылы Достық станциясындағы вагондардың орнын ауыстыратын төбесі жабық пункттің құрылыс жұмыстары жалғастырылып, 2010 жылдың 8 желтоқсанында жұмыс комиссиясы жүргізілді.

Ақтоғай станциясындағы 10 кВ подстанцияда қайта құру жұмыстары жүргізілді. Ақтоғай станциясында РЭБ және тұрғын үйлер құрылысы басталды. Жасалған шарттарға сәйкес бұл нысандар бойынша жүргізілетін жұмыстар 2011 жылы аяқталатын болады.

Ақтоғай – Достық учаскесінде 71 жылыту пунктін құрылыс жобасы, «Д» паркінің № 60, 61, 62, 63 станция жолдарын жарықтандыру жобасы, Достық, Ақтоғай, Жайпақ станциялары мен № 8, 16, 19 разъездерде тұрғын үйлер салу жобасы дайындалып болды.

Бұдан басқа, КТСМ аспаптарын тексеретін бағдарламалық-аппараттық кешен, РС-46МЦ қызмет көрсетуге және жөндеуге арналған стенд, кондиционерлер мен жиһаз сатып алынды.

Батыс өңірі темір жолының инфрақұрылымын дамыту

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасы бекіткен 2009–2011 жылдарға арналған «Батыс-Даму» батыс өңірінің инфрақұрылымын дамыту бағдарламасына сәйкес 2010 жылы Бағдарламаның орындалуына Магистралдық желі дирекциясы 7 052 млн теңге қаржы бөліп, 7 154,2 млн теңге, немесе 101% игерілді.

Бөлінген қаражат есебінен жолды (120,959 шақырым) күрделі жөндеу жұмыстары, жолды (10 шақырым) күшейтілген орташа жөндеу жұмыстары, бағыттамалы бұрмалар (177 жиынтық) мен бұрма білеулерді (115 жиынтық) ауыстыру жұмыстары, 6 инженерлік құрылысты күрделі жөндеу жұмыстары толығымен орындалды. Шиелі жол қашықтығының кеңсе ғимараты қайта құрылып, Дон станциясында РЭБ құрылысы жүргізілді.

Біршоғыр станциясындағы электр орталықтандыруды модернизациялау жұмыстары аяқталды. Автооқшаулауға (71,3 шақырым), электр орталықтандыруға (246 бағыттама), әуе желісіне (138,5 шақырым), ғимараттарға (10 бірл.) және т.б. күрделі жөндеу жүргізілді.

Біршоғыр-Мұғалжар учаскесіндегі бір тізбекті ВЛ-35 кВ құрылысы, Әйтеке би станциясындағы қалпына келтіру және өрт пойызы ғимаратының құрылысы аяқталды.

Қаржы-экономикалық қызмет

Компаниялар тобы бойынша қаржылық көрсеткіште

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жарияланған акцияларының саны 502 040 458 жай акцияны құрап, олардың 521 100 457 000 теңге сомасындағы 491 130 457 жай акциясы орналастырылды.

Кіріс

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 2010 жылғы кірісі **597 849 млн теңгені** құрады. Бұл 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда 19,6% жоғары көрсеткіш.

Өнім сатудан және қызмет көрсетуден 2010 жылы түскен кіріс 586 850 млн теңге құрады. Бұл 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда (482 463 млн теңге) 21,6% жоғары көрсеткіш. 2010 жылы қызмет көрсетілетін бағыттардың көбеюіне байланысты жүк тасымалынан түскен кіріс 22,4%, жолаушылар тасымалынан түскен кіріс 9,2%, жолаушылар тасымалы бойынша жұмсалған қаражатты ішінара жабуға арналған субсидиялар 53,2% артқан. Кірістің өсуіне жүк айналымы көлемінің 8% өсуі, 2010 жылдың 1 қаңтарынан бастап, ТМРА 26.11.2009 жылғы № 373-ОД бұйрығына сәйкес МТЖЖ қызмет тарифтерінің, локомотивті тартпа қызметі тарифтерінің, жүк вагондарын пайдалану, сондай-ақ ТМРА 2009 жылғы 29 желтоқсандағы № 07-10-38/1656-заң хатына сәйкес жүк және коммерциялық жұмыс тарифтерінің өсуі біршама ықпал етті.



Шығыс

«ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының 2010 жылғы шығысы **532 674 млн теңгені** құрады. Бұл 2009 жылғы деңгеймен салыстырғанда 10,9% жоғары. Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құны 10,5% артты. Тасымал көлемінің өсуі, сатып алынатын материалдар бағасының, отын-энергетика ресурстарының, жұмыстар мен қызметтер бағасының өсуі, АЕК өсуі, сондай-ақ 2009 жылдың желтоқсан айынан бастап, «ҚТЖ» ҰК» АҚ президентінің 20.12.2009 жылғы № 798-Ц бұйрығына сәйкес жалақы мөлшерінің көбеюі (орталық аппарат жұмыскерлерінікі қоспағанда) шығыстың өсуіне негізгі себепкер.

Қорытынды пайда

65 175 млн теңге соманы құрап, 2009 жылғы деңгейден 45 687 млн теңгеге немесе 3,3 есе асты. Бұл өнімдер сатудан, қызмет көрсетуден түскен кірістің өсуіне байланысты болып отыр.



«ҚТЖ» ҰК» АҚ ТОБЫНЫҢ 2008-2010 ЖЖ. ҚАРЖЫ КӨРСЕТКІШТЕРІН ТАЛДАУ

КӨРСЕТКІШТЕР	ӨЛШ. БІРЛ.	ФАКТ 2008 Ж.	ФАКТ 2009 Ж.	ФАКТ * 2010 Ж.
«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» ҰӘҚ» АҚ БЕЛГІЛЕГЕН КОЭФФИЦИЕНТТЕР				
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	кемінде 1	1,273	1,196	1,120
Операциялық қаржы өтімділігі коэффициенті	кемінде 1	12,515	2,536	1,373
Жабу коэффициенті	кемінде 2	6,325	4,181	9,523
Таза борыш / Таза капиталдандыру	0,4 аспайды	0,114	0,154	0,214
Борыш / EBITDA	2,9 аспайды	1,267	1,959	1,773
Қарыз алудың шекті мәні	мың теңге	302 620 556	255 472 977	489 950 148
Еркін қарыз алу сыйымдылығы	мың теңге	170 452 791	82 889 019	190 451 506
НЕСИЕ ШАРТЫНЫҢ ШЕҢБЕРІНДЕ \$141 МЛН СОМАҒА AVN AMRO BANK N.V. БЕЛГІЛЕГЕН КОЭФФИЦИЕНТТЕР				
Борыш, барлығы / Меншікті капитал	0,6 аспайды	0,205	0,261	0,397
Борыш / EBITDA	3,5 аспайды	1,267	1,959	1,773
ЕДҚБ МЕН ҚТТ АРАСЫНДАҒЫ 1 000 ЖҮК ВАГОНЫН САТЫП АЛУҒА АРНАЛҒАН \$50 МЛН СОМАНЫ ҚҰРАЙТЫН ҚАРЫЗ КОЭФФИЦИЕНТІ				
Борыш / EBITDA	3,75 аспайды	0,205	0,261	0,397
Жабу коэффициенті (EBITDA/ Пайыздар бойынша шығыстар)	кемінде 3,5	1,267	1,959	1,773

* «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ 2010 жылға арналған қаржы коэффициенттерінің шекті мәндерін белгілемеді

Нарықтың мемлекеттік реттелуін сараптау

Темір жол көлігі клиенттерінің, субъектілері мен клиенттерінің өзара әсерлесуі көптеген технологиялық және коммерциялық аспектілерден тұрып, заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады, ал мемлекеттік органдар болса, реттеу функцияларын орындайды.

МТЖЖ қызметтерін көрсетуші ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ және оның кейбір еншілес ұйымдары профильді және профильді-қосалқы қызметтің бірнеше түрлері бойынша табиғи монополия субъектілері регистріне кіргізіліп, Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігімен реттеледі.

Қызмет түрі бойынша тиісті қызмет түрлерін көрсететін тауар нарығындағы орны басым (монопольді) нарық субъектілерінің мемлекеттік тізіліміне ҚТЖ» ҰК» АҚ (жүк тасымалдау қызметі), «Қазтеміртранс» АҚ (вагондарды пайдалануға беру қызметі), «Локомотив» АҚ (локомотивті тартым қызметі) және «Жолаушылар тасымалы» АҚ-ның компаниялар тобының бірқатар кәсіпорындары кіргізілді.



Негізгі мемлекеттік реттеуші органдар болып мыналар табылады:

- Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу агенттігі (бұдан былай – ТМПА);
- Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау агенттігі;
- Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі (бұдан былай – ККМ);
- «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» Акционерлік қоғамы;
- ТМД елдері қатысушыларының Темір жол көлігінің орталық кеңесі (бұдан былай – ТЖКОК);
- Темір жол ынтымақтастығы ұйымы (бұдан былай – ТЖЫҰ).

Темір жол көлігінің бағалық емес реттелуі қызмет түрлерінің лицензиялануын, тасымалдау процессінің қатысушылары мен клиенттер арасындағы өзара әрекеттестікті реттейтін нормативтік актілердің бекітілуін, қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелерін, техникалық және экономикалық нормативтер мен стандарттарды, байқаулардың ұйымдастырылуын және жолаушылар тасымалын жүзеге асыруға және субсидиялауға шарттардың жасалуын қамтиды.

Тасымалдаушылар МТЖЖ қызметтері үшін төлейтін төлем тарифтік реттелуге жатады, темір жол тарифінің қалған құраушылары бәсекелі секторға жатады, бірақ қазіргі уақытта ТМПА тарапынан монополияға қарсы заңнамаға сәйкес орны басым субъектілердің көрсететін қызметтерінің құны ретінде бағалық реттелуге жатады.

Халықаралық Ынтымақтастық

2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның шетел мемлекеттерінің темір жол әкімшіліктерімен, сондай-ақ көлік кәсіпорындарымен негізінен, жылжымалы құрамдар өндірісі, модернизациялау мен жеткізу, жаңарту және инфрақұрылым нысандарына сервистік қызмет көрсету, қолайлы тарифтік шарттар құру мәселелері және өзге де мәселелер бойынша бірқатар халықаралық екі жақты және көпжақты шарттарға, келісімдер мен меморандумдарға қол қойды. Соның ішінде:

- «ТрансКонтейнер» ААҚ-мен (РФ) Қазақстан Республикасы аумағында контейнердегі жүкті терминалды өңдеу саласында өзара әрекеттесудің шарттары туралы келісім.
- «Alstom Transport» компаниясымен және «Трансмашхолдинг» ЖАҚ-мен (РФ) Қазақстан Республикасы аумағында (Атбасар қаласындағы «Бәйтерек» АҚ-ның өндірістік базасында) заманауи магистральдық электроваздар шығару саласында өзара ынтымақтасу туралы меморандум.
- ҚР-да жүк және жолаушылар электроваздарын бірлесіп шығару өндірісін құру туралы шарт. Құрылатын бірлескен кәсіпорын Ресей мен Францияның жинақтамаларын қолданып, «Трансмашхолдинг» мен «Alstom Transport» (Франция) технологияларының негізінде электроваздар шығаратын болады. Кейіннен өндіріс ошағы Қазақстан аумағында шоғырланатын болады. Шартқа сәйкес БК (бірлескен кәсіпорын) өнімі ең алдымен, Қазақстан нарығының мұқтаждықтарын қамтамасыз ететін болады. Кейіннен электроваздарды өзге елдердің темір жолдарына экспорттау көзделіп отыр. Жоба Франция үкіметінің қаржы кепілдіктерімен қамтамасыз етілген.
- «Alstom Transport» компаниясы мен «Трансмашхолдинг» ЖАҚ-мен (РФ) арасындағы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қажеттілігіне арналған 295 электроваз жеткізу туралы шарт.
- «РЖД» ААҚ мен «Русагротранс» ЖАҚ-мен (РФ) арасындағы бидай жүгін тасымалдайтын бірлескен кәсіпорын құру туралы меморандум.
- Кедендік одақтың кеден аумағында кедендік операцияларды жүргізген кездегі «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «РЖД» ААҚ арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандум. Ресей-Қазақстан бірлескен кәсіпорнын құрудағы негізгі міндеттердің бірі жүктің Кедендік одақтың кеден аумағынан тез өткізілуіне бағытталған кедендік қызметтерді дамыту болып табылады.
- Украинаның «Укрзалізниця» темір жол көлігінің мемлекеттік әкімшілігімен жүкті темір жол көлігімен тасымалдаудың қолайлы тарифтік шарттарын құру туралы келісім.
- «Модернизациялау, жаңарту, құрылыс, өндіріс жобаларын бірлесіп орындау және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның инфрақұрылым нысандарына сервистік қызмет көрсету» саласында «Siemens» компаниясымен өзара ынтымақтасу туралы меморандум.
- «Patentes Talgo S.L.» компаниясымен өзара түсіністік және Астана қаласында темір жол жолаушылар вагондарын шығару және оларға техникалық қызмет көрсету бойынша БК құрудың негізгі шарттарының тізбесін бекіту туралы жасалған меморандум.
- Дизельді рельс құрамдарын шығаратын бірлескен кәсіпорын құру бойынша «ŽOS - VŮVOJ, s.r.o.» (Словакия) арада жасалған құрылтай шарты.
- «Қазақстан ТЖ-Ансальдо СТС Италия» ЖШС-мен «Қорғас-Жетіген темір жол желілерінің құрылыс жобасын жүзеге асыру шеңберінде құрылыс-жинақау жұмыстарын сатып алу туралы шарт.
- Жүк вагондарының 1 000 бірлігін сатып алуға инвестициялық жобаны іске асыру үшін «Казтеміртранс» АҚ мен Еуропаның қайта құру және даму банкі арасында \$50 млн сомаға жасалған несиелік келісім. «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Еуропаның қайта құру және даму банкі арасындағы осы қарыздың қамсыздандыруы ретінде Кепілдік пен өтемақы туралы шартқа қол қойылды.
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен Еуропаның қайта құру және даму банкі арасындағы Өзара түсіністік және Қазақстан Республикасының темір жол көлігі саласындағы стратегиялық бастамаларды бірлесіп орындау туралы меморандум.
- Шекаралас темір жолдардың барлығымен мемлекеттер арасында түйісетін пунктерден өтетін халықаралық жолаушылар пойыздарының кешігуін есепке алып отыру және жолаушылар пойызының кешіктіріліп жіберілгені үшін экономикалық жауапкершілік қолдану туралы жасалған шарттар.

ТЖКОК

(Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің, Грузия, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Эстония Республикасының Темір жол көлігінің орталық кеңесі)

2010 жылы темір жол әкімшіліктері басшыларының қатысуымен өткен ТМД елдері қатысушыларының Темір жол көлігінің орталық кеңесінің екі отырысы, № 52 және 53 отырыс шешімдерін орындау бойынша 107 жиыны өткізілді. Олардың ішінде темір жол әкімшіліктерінің уәкілетті өкілдері – 36, сарапшылар жиыны – 22, жұмыс топтарының жиыны – 32, Кеңес комиссияларының отырыстары (бағыттар бойынша) – 17.

Темір жол көлігі жөніндегі кеңестің 52-отырысы

(13–14 мамыр 2010 жыл, Юрмала қ., Латвия Республикасы).

Отырыс барысында Кеңестің 51-отырысының шешімдерінің орындалу қорытындысы, 2009 жылы және 2010 жылдың I тоқсанында темір жол желісін пайдалану жұмыстарының қорытындысы, пойыздардың 2009 жылғы қозғалыс кестесінің нормативтері туралы, контейнерлердің 2009 жылғы санағын жүргізу қорытындылары туралы, ТМД елдері үкімет басшыларының Кеңестің 1996 жылғы 18 қазандағы ТМД елдеріне қатысушы мемлекеттердің темір жол көліктерінде келісілген тарифтік саясатты орнату концепциясы туралы шешімдерін орындауы туралы 2009 жылғы есептері, машинистің пойызды көмекшісіз жүргізген уақыттағы апатты және стандартты емес жағдайлардағы іс-қимылдарының регламент жобасы туралы, халықаралық жолаушылар пойыздарын мемлекетаралық түйісу пункттері арқылы жіберілуін есепке алу нұсқауларының жобасы туралы, Кеңес пен оның жұмыс органдары қызметінің ұйымдастырылуын реттейтін нормативтік

құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы есептері қаралды.

Кеңес дирекциясының қызметін қамсыздандыруға Шығыс сметасының орындалуы туралы 2009 жылдың есептері мен Кеңестің осы Сметаның, темір жол әкімшілігінің Ақпараттық-есептеу орталығының қызметін қамсыздандыруға Шығыс сметасының орындалуын тексеретін Тексеру комиссиясының есебі, соның ішінде «РЖД» БЕО ААҚ-ның 2009 жылғы шығыстарды өтеуі мен осы Сметаның орындалуын тексеру қорытындылары тыңдалды.

Темір жол көлігі жөніндегі кеңестің 53-отырысы

(2010 жылдың 20–21 қазаны, Вильнюс қ., Литва Республикасы).

Отырыста Кеңестің 52-отырысы шешімдерінің орындалу қорытындысы, 2010 жылдың 9 айында темір жол желісін пайдалану жұмыстарының қорытындысы, пойыздардың 2011–2012 жылдарға арналған қозғалыс кестесінің нормативтері туралы, 2010 жылдың мамыр айында жүргізілген жүк вагондарының санағы, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол көлігінің 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму концепцияларының жобасы туралы, жүк вагондарының ортақ паркін пайдалану туралы келісімнің және Темір жол әкімшілігі мен жүк вагондарының меншік иелері арасындағы шарттардың дайындалу барысы туралы есептер, нұсқамашы-машинистке локомотивтік бригадаларды Тәуелсіз мемлекеттер достастығы аумағында сыннан өткізуге құқық берілу тәртібі туралы ереже, темір жол әкімшіліктерінің ҒЗТҚЖ 2011 жылға арналған жоспары, Достастыққа қатысушы мемлекеттердің темір жол әкімшіліктерінің темір жол көлігі жұмыскерлерінің денсаулығын қорғау саласындағы саясатының үйлестірілуі және темір жол әкімшіліктерінің өзара есептесу қорытындылары және өзге де мәселелер қаралды.

Екі отырыстың қорытындысы бойынша төмендегідей 40-тан астам құжат қабылданып, бекітілді:

- Темір жол өнімінің сәйкестігін бағалау бойынша келісілген саясат жүргізу концепциясы;
- Түрлі меншік нысанындағы жүк вагондары паркін басқару және пайдалану жүйесінің концепциясы;
- Кеңестің жұмысына қатысатын мемлекеттердің темір жол әкімшіліктерінің ғылыми-зерттеу, тәжірибе-конструкторлық және технологиялық жұмыстарының 2011 жылға арналған жоспары;
- Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы елдердің, Грузия, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Эстония Республикасының Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің сараптау тобы туралы ереже;
- Достастыққа қатысушы мемлекеттердің Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің жұмысына қатысатын мемлекеттердің темір жолдарында мемлекетаралық «Әкспресс» АБЖ пайдалану және дамыту жөніндегі ұдайы жұмыс істейтін жұмыс тобы туралы ереже;
- Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы елдердің, Грузия, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Эстония Республикасының халықаралық қатынасында пайдаланылатын жылжымалы құрамның тежегіш жабдығының бөлшектерін таңбалау үшін АКП немесе АБ шартты нөмірлерін тағайындаудың үлгі тәртібі;
- ВУ 25К нысанындағы контейнердің зақымдалуы туралы акті құру нұсқауы және басқа да бірқатар құжаттар;
- Автотежегіштер мен автоматты бөлімшелердің бақылау пункттерін аттестациялау туралы ереже;

- Достастық елдері, Грузия, Латвия, Литва, Эстония елдері экономикасының тиеу ресурстарына деген мұқтаждығын қамтамасыз етуге бағытталған түрлі меншік нысанындағы жүк вагондары паркін басқарудың және пайдаланудың бірыңғай жүйесінің концепциясы.

Жекеше жүк вагондар санының артып жатуы және, мұнымен қатар, құрал-мүлік паркінің азаюы Кеңестің жұмысына қатысатын темір жол әкімшіліктерінің алдына халықаралық жүк тасымалына қатысатын түрлі меншік нысанындағы жүк вагондары паркін тиімді басқару шарттарын жасау міндетін қойып отыр.

Кеңес темір жол әкімшіліктеріне Достастыққа қатысушы мемлекеттердің денсаулық сақтау саласындағы темір жол әкімшіліктерінің әрекеттесу жөніндегі комиссиясының қызметі шеңберінде жұмысы пойыз қозғалысымен байланысты жұмыскерлердің денсаулық жағдайына талаптар қоюдың бірыңғай тәсілін әзірлеуді тапсырды.

ТЖКОК шеңберінде ертеректе бекітілген және келісілген ережелерді, келісімдерді, шарттарды, әдістемелік ережелерді, актілерді, ереже-тәртіптерді, нұсқауларды және т.с.с. үнемі көкейтесті ету және тексеру жүргізіледі.

Қолданыстағы мына құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді:

- Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің, Грузия, Латвия Республикасы, Литва Республикасы, Эстония Республикасының Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімнің (ХТЖҚК) жекелеген



нормаларының қолданылу ерекшеліктері туралы темір жол әкімшіліктері арасындағы келісімі, 2010 жылдың 1 шілдесінен бастап, қолданысқа енгізілді;

- Қауіпті жүкті темір жолмен тасымалдау ережесі, Апат карточкалары, Сұйық жүкті вагон-цистерналар мен мұнайбитум тасуға арналған бункерлік типтегі вагондармен тасымалдау тәртібі, 2010 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, қолданысқа енгізілді;

Мемлекетаралық деңгейде темір жол көлігі жұмысының үйлестірілуіне елеулі үлес қосқаны үшін және қызметінің келісілген ұстанымдарын әзірлеп, ынтымақтастықты нығайтқаны және халықаралық қатынастағы темір жолдардың нәтижелі жұмысын қамтамасыз еткені үшін «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 4 өкілі Тәуелсіз мемлекеттер достастығына қатысушы мемлекеттердің Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Тәуелсіз мемлекеттер достастығының жиырма жылдығына арналған ТМД үкіметі басшылары кеңесінің 2010 жылғы 21 мамырдағы шешімімен мақұлданған Іс-шаралар жоспары қабылданды. Кеңес ТЖКОК 56-отырысының шеңберінде 2012 жылы Кеңестің құрылғанына жиырма жыл толуына орайластырылған мерейтойлық іс-шараларды ұйымдастыру туралы шешім қабылдады.

ТЖЫҰ

(Темір жол ынтымақтастығы ұйымы)

2010 жылы ТЖЫҰ шеңберінде ТЖЫҰ-ға мүше елдерінің темір жол басшыларының қатысумен өткен Темір жолдардың Бас директорлары (жауапты өкілдері) бас қосқан конференция отырысы, Министрлер кеңесі мүшелерінің қатысуымен ТЖЫҰ министрлер отырысының сессиясы, 102 кеңес өтті, оның 20-ы – Комиссия кеңесі, 20-ы – сарапшылар кеңесі, 30-ы – УЖТ кеңесі, 29-ы – ПРГ кеңесі, 1-і – уәкілетті өкілдердің кеңесі, 2-і – бірлескен жұмыс топтарының кеңесі.



*2011 жылдың 19 мен 23 сәуірі аралығында
Улан-Батор қаласында (Моңғолия) Темір
жолдардың*

**Бас директорлары (жауапты
өкілдерінің) конференциясының XXV
отырысы өтті.**

Конференция отырысында: ТЖЫҰ-ның Жүк тасымалы жөніндегі комиссиясының 2009 жылы атқарылған жұмысының қорытындысы туралы, ТЖЫҰ-ның Инфрақұрылым мен жылжымалы құрам жөніндегі комиссиясының 2009 жылы атқарылған жұмысының қорытындысы туралы, ТЖЫҰ-ның Кодтау және информатика жөніндегі тұрақты жұмыс тобының 2009 жылы атқарған жұмысының қорытындысы туралы, ТЖЫҰ-ның қаржы және есеп айырысу мәселелері жөніндегі тұрақты жұмыс тобының 2009 жылы атқарған жұмысының қорытындысы туралы есептер бекітілді.

Конференция отырысының қатысушылары:

- ТЖЫҰ-ның негіз қалаушы құжаттарын жетілдіру жөніндегі Уақытша жұмыс тобының жұмыс барысы туралы ақпаратты;
- вагондарды пайдалану және оларды пайдалану үшін есеп айырысу мәселесі төңірегінде халықаралық темір жол жүк қатынасындағы лицензияланған жеке тасымалдаушылар туралы ақпаратты;

- темір жолдар арасындағы өзара есеп айырысу жолы мен берешекті өтеу механизмі туралы, Комиссияның «Халықаралық жолаушылар және жүк темір жол қатынасында есеп айырысу тәртібі туралы» шартының қатысушылары-темір жолдар арасында есеп айырысуларды реттеу жұмыстарының қорытындысы туралы ақпаратты назарға алды.

ТЖЫҰ-ның 2009 жылғы қызметі туралы есеп ТЖЫҰ-ның 2011 жылға және одан кейінгі жылдарға арналған жұмыс бағдарламасы, ТЖЫҰ Комитеті орналасатын орын, ТЖЫҰ Комитетінің бюджеті (соңғы – 2010 жылға арналған және алдын ала – 2011 жылға арналған), қосылған кәсіпорындардың мәртебесі, ТЖЫҰ Комитетінің басшылығындағы лауазымдар, ТЖЫҰ жұмыс органдарындағы төрағалар мен мамандар (2010 жылдың 1 шілдесінен бастап), алдын ала белгіленген күн тәртібі, Конференцияның XXVI отырысы өткізілетін күн мен орын алдын ала келісілді.

2010 жылдың 15–18 маусым күндері

Прага қаласында (Чехия Республикасы)

**Темір жол ынтымақтастығы ұйымының
министрлер кеңесінің XXXVIII сессиясы
өткізілді.**

Министрлер кеңесі ТЖЫҰ-ның Көлік саясаты мен даму стратегиясы жөніндегі комиссиясының жұмысын мақұлдап, 2011 жылдан бастап, пайдалану жұмысына, ТЖЫҰ темір жол көлік дәліздері инфрақұрылымының ахулы мен дамуына мониторинг жүргізу туралы, нәтижелерді ТЖЫҰ-ның Министрлер кеңесінің сессияларына баяндап беру туралы, сондай-ақ Еуразиялық көлік кеңестігіндегі көлік қызметтері нарығындағы ТЖЫҰ-ға мүше елдердің темір жолдарының тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырумен байланысты стратегиялық міндеттерді іске асыруға бағытталған жұмысты жалғастыру туралы шешім қабылдады.

Министрлер кеңесі сессиясының шешіміне сәйкес, ХЖҚК (халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісім) ревизия жөніндегі УЖТ (уақытша жұмыс тобы) негізге дайындалып жатқан «Жүкті халықаралық қатынаста тасымалдау шарты туралы жалпы ережелер» жобасының жекелеген баптарымен қарастырылған ХЖҚК-нің дайындалған жобасын, «Жүк тасымалдау тәртібі» жобасының әзірлемесін ала отырып, «Жүкті халықаралық қатынаста тасымалдау шарты туралы жалпы ережелердің» жобасын Халықаралық тікелей темір жол қатынасы туралы конвенциясына қосымша ретінде дайындау жұмысын жалғастыратын болады.

ХЖҚК-не 14-қосымша дайындайтын УЖТ «Жүкті вагондар мен контейнерлерге салу және олардың бекіту тәртібі» жобасы бойынша жұмыстарын жалғастырып, дайындалып жатқан «Жүкті халықаралық қатынаста тасымалдау шарты туралы жалпы ережелер» жобасының жекелеген баптарымен қарастырылған «Жүкті вагондар мен контейнерлерге салу және оларды бекіту тәртібі» жобасын дайындауға кірісетін болады.

Қауіпті жүкті тасымалдау тәртібі саласындағы УЖТ халықаралық және ұлттық регламенттердің қауіпті жүкті тасымалдау туралы бөлігіне өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуіне байланысты 2-қосымшаны өзектендіру жұмыстарын жалғастырып, «Қауіпті жүкті халықаралық қатынаста тасымалдаудың жалпы тәртібі» жобасын Халықаралық тікелей темір жол қатынасы туралы конвенциясына қосымша ретінде әзірлеуге кіріседі.

ТЖЫҰ-ның Көлік құқығы жөніндегі комиссиясы ЦИТ бірлесіп, алдағы уақытта ЦИТ, ХЖҚК қатысушылары мен өзге де мүдделі тараптардың темір жол желісінде тасымалдар жүргізген уақытта «ЦИМ/ХЖҚК жүкқұжатының кеңінен қолданылуына ықпалдаса отырып, «ЦИМ/ХЖҚК жүкқұжаты жөніндегі нұсқаулықты» жетілдіруге бағытталған жұмысты жалғастыратын болады.

ТЖЫҰ-ның Министрлер кеңесі ТЖЫҰ-ның Жарғы жобасының ережелері Халықаралық тікелей темір жол қатынасы туралы конвенцияда көрсетілетінін және осы тұрғыда, осы Конвенцияның мәтінін қабылдау бойынша Халықаралық конференциядан бөлек ТЖЫҰ Жарғысының мәтінін қабылдау бойынша Халықаралық конференция өткізу орынсыз екендігін таныды.

Бұлармен қоса, Конвенцияның мәтінін қабылдау процедурасы ТЖЫҰ Комитеті Төрағасының басшылық етуімен халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясына сәйкес Халықаралық темір жол қатынасы туралы конвенцияның жобасы әзірленіп болғаннан кейін Халықаралық конференция өткізу арқылы қабылданатыны туралы шешім қабылданды.

УЖТ-ның ТЖЫҰ-ның Халықаралық тікелей темір жол қатынасы туралы конвенция жобасы бойынша, негіз қалаушы құжаттарды жетілдіру бойынша белсенді жұмыстар ТЖЫҰ-ның жұмыс органымен бірге, соның ішінде СМПС, ХЖҚК және ЖВТ (жүк вагондарын халықаралық қатынаста пайдалану тәртібі) ревизия жөніндегі УЖТ-мен бірге жүргізілуі тиіс.

ТЖЫҰ-ның Министрлер кеңесі сессияларының барлық шешімдері халықаралық темір жол қатынасын одан ары дамытуға және жетілдіруге, Еуразиялық кеңестіктегі темір жол көлігінің тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған.

ХТЖО

(Халықаралық темір жол одағы)

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның өкілдері 2010 жылы қатысқан негізгі іс-шаралар:

- **2010 жылғы 6–7 шілде.** Санкт-Петербург қ. – Жүк тасымалдары жөніндегі халықаралық конференция;
- **2010 жылғы 7–10 маусым.** Токио қ., Жапония – ХТЖО Бас Ассамблеясы, ХТЖО Азия аймағының Ассамблеясы, Пойыздардағы дабыл жүйелері және пойыз қозғалысын басқару конференциясы;
- **2010 жылғы 30 қыркүйек.** Братислава қ., Словакия – Азия мен Еуропаның арасын қосатын темір жол қатынасын дамытумен айналысатын мамандар тобын (GTE) құрайтын халықаралық сарапшылар тобының 2-отырысы;

- **2010 жылғы 26–29 қазан.** Токио қ., Жапония – Шығыс Жапония темір жолдары «Темір жолмен жүру кезіндегі қауіпсіздік» 11-Халықаралық Симпозиумын ұйымдастырды. Симпозиум барысында қауіпсіздікті қамтамасыз теу мәселелері талқыланып, темір жолмен жүру кезіндегі қауіпсіздікті дамытатын технологиялар таныстырылды. Мәселенің талқылануына Ұлыбритания, Австралия, АҚШ, Жапония, Бельгия және т.б. мемлекеттерден келген мамандар қатысты;
- **2010 жылғы 5–6 желтоқсан.** Пекин қ., ҚХР – ХТЖО Бас Ассамблеясы, ХТЖО Азия аймағының Ассамблеясы.


Отырыс барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ Президентінің ХТЖО-ның Азия аймағы бойынша вице-төрағасы қызметіндегі өкілеттіктерін 2012 жылдың 31 желтоқсанына дейін ұзарту туралы шешім қабылданды. Мұнымен қоса, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ алдағы екі жылда ХТЖО-ның Атқарушы Кеңесінде Азия аймағын ұсынатын болады.

Бұдан басқа, ХТЖО-ның 2011 жылға арналған бюджеті қабылданып, іс-шаралар жоспары бекітілді. Дауыс беру жолымен ХТЖО-ның негізгі басқарушылар құрамы, техникалық форумдар мен платформалардың өкілдері мақұлданды. Олардың арасында Темір жол жүйелері жөніндегі форумға «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Техникалық саясат департаментінің директоры Р.Е. Сүндетбаевтың кандидатурасы бекітілді.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ



- Рейтингтер
- Қаржылық менеджмент
- Компаниялар тобы жұмсаған күрделі қаражат





Рейтингтер

2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на үш ірі халықаралық рейтингтік агенттіктердің рейтингтері тағайындалып, расталды:

- Standard & Poor's – BBB-/Тұрақты деңгейінде; 5 жылдық, 10 жылдық және 2010 жылы шығарылған облигациялардың рейтингі – BB+;
- Fitch Ratings – BBB-/Тұрақты деңгейінде; 5 жылдық, 10 жылдық және 2010 жылы шығарылған облигациялардың рейтингі –BBB-;
- Moody's Investors Service – Baa3/Тұрақты деңгейінде; 5 жылдық, 10 жылдық және 2010 жылы шығарылған облигациялардың рейтингі – Baa3;

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-на Fitch Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі тағайындаған рейтинг Қазақстанның егеменді рейтингі деңгейінде тұрғандығын атап өту керек.

Moody's Investors Service мен Standard & Poor's халықаралық рейтингтік агенттіктері тағайындаған Компания рейтингтері Қазақстанның егеменді рейтингінен бір саты төмен тұр.



Қаржылық менеджмент

Қаржылық менеджмент ақша қаражатының тиімді әрі орынды жұмсау құрылымы немесе қаржылай ағынның қозғалысын басқарудың бір ретке келтірілген механизмі іспеттес десе болады.

Компанияның қаржылық менеджментінің негізгі функцияларына мыналар жатады:

- қызметтің қаржыландырылуын ұйымдастыру;
- ақшалай ағынның басқарылуын ұйымдастыру;
- айналымдағы капиталдың басқарылуын ұйымдастыру;
- уақытша бос қаражатты басқару;
- борышты басқару және қарыз тарту жұмыстарын ұйымдастыру.

Қаржыландыру ұйымы

Қызметтің қаржыландырылуын ұйымдастыру үшін күн сайын Компания басшылығы бекітетін және Компанияға бір күнде түскен қаражат пен Компанияның бір күнде жұмсаған қаражаты көрсетілетін «Төлемдер мен түскен ақшаның тізілімі» жасалады. Төлемдер мен түскен ақшаның тізілімінің негізінде Компания қаражатының қозғалысы бойынша база құрылады.



Шығыстар қаржыландырылған уақытта жасалатын шарттардың, ұсынылатын құжаттардың ҚР заңнамасының, «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ мен Компанияның нормативтік актілерінің талаптарына сәйкестігі тексеріледі. Жасалған шарттардың орындалуына мониторинг жүргізіледі. Ай қорытындысы бойынша құрылымдық бөлімшелердің қаржылық тәртіпті сақтауына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Қажет болған жағдайда қаржылық тәртіпті жақсарту мәселесі Компания президентінің төрағалық етуімен аппарат жиынына шығарылады.

2010 жылы қаржыландыруға берілген өтінімдердің деңгейі 2009 жылмен салыстырғанда 4%-ға төмендеді. 2010 жылы қаржыландыруға берілген өтінімдердің жалпы көлемі 7 847 өтінімді құрап, 2009 жылмен салыстырғанда 15% артты.

Қаржылық дисциплинаға бақылау жүргізу мақсатында Компанияның құрылымдық бөлімшелері апта сайын қаржыландыруға берілген өтінімдер бойынша алынған, сондай-ақ қосалқы қызметтен аванстық төлемдер мен ақша түрінде алынған қаражаттың мақсатты қолданылуы туралы есептер жасайды. Компанияның құрылымдық бөлімшелерімен, еншілес ұйымдарымен орталықтандырылған төлемдердің уақытылы жүргізілуі, жалақы мен салықтардың төленуі бойынша жұмыстар жүргізіледі. Апта сайын Компанияның құрылымдық бөлімшелерінің шығыс жоспарларына мониторинг жүргізіледі.

2010 жылы жұмыс тобының сегіз отырысы өтіп, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының айналым капиталы бойынша келесі проблемалы мәселелер қарастырылды: жеке тасымалдаушылармен өзара есеп айырысу; бастапқы құжаттарсыз берешектің болуы; салықтар бойынша дебиторлық берешектің өсуі; тауар-материалдық қорлардың құрамында нормативтен жоғары, баяу айналатын және өтімділігі жоқ қорлардың болуы. Жоғарыда айтылған мәселелер Комиссияның қарауына шығарылды.

2010 жылы Комиссияның бес отырысы өтіп, олардың барысында «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының анағұрлым проблемалы мәселелері қарастырылды.

2010 жылы 848 млн теңге сомадағы ақшалай емес дебиторлық берешек шығынға жазылды.

Комиссияның 2010 жылы атқарылған жұмысының нәтижесінде:

- құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың 2010 жылға арналған айналым капиталдың деңгейін оңтайландыру жоспарлары әзірленіп, бекітілді;
- Топтың айналым капиталының оңтайлы мақсатты құрылымы әзірленді;
- жал шарттарының алдын ала төлем енгізу тұсына өзгерістер енгізілді;
- КПН бойынша төленетін алдын ала төлемнің шекті жол берілетін деңгейі белгіленіп, құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың барлығы жария етілді;
- 13.08.2010 жылғы № 339-Ц бұйрықпен дебиторлық берешектің пайда болуы мен өсуі үшін лауазымды тұлғалардың жеке жауапкершілігін қарастыратын «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның құрылымдық бөлімшелерінің дебиторлық берешекті өндіріп алу кезде өзара әрекеттесу тәртібі» дайындалып шығарылып, бекітілді;
- ЭЖСЖҚД-мен (қаржы полициясымен) бастапқы құжаттарсыз дебиторлық берешектің, сондай-ақ 2000–2009 жж. пайда болған барлық берешектің құрылуындағы қылмыстық құрамды анықтау жұмыстары жүргізілуде;
- шығындарды өтеу және жүк сақталып қалмаған кезде қолданылатын жауапкершілікті белгілеу процедурасы айқындалды;

- баяу айналатын қорлардың деңгейін анықтау және оны азайту жұмыстары жүргізіледі;
- өтімділігі жоқ тауар-материалдық қорлардың деңгейін оңтайландыру мақсатында құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдар олардың деңгейін азайту бойынша 2010 жылға арналған жоспарларын әзірледі;
- 31.12.10 жылғы жағдай бойынша Топ бойынша өтімді емес қорлардың құны 1,2 млрд теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда 415 млн теңгеге азайған;
- еншілес ұйымдар Мүлікті сату тәртібін әзірлеп, бекітті;
- «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарының борышы мен дебиторлық берешегін 2011–2013 жж. арналған басқару саясаты» құрылды.

Айналым капиталының деңгейін бақылау мақсатында құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдар Қаржы департаментіне ай сайын айналым капиталының ахуалы туралы талдау қорытындысын ұсынып, оның деңгейін оңтайландыру бойынша жылдық жоспарлар дайындалады, жоғарыда айтылған жоспарлардың орындалуына мониторинг жүргізіледі.

Уақытша бос қаражатты басқару

«ҚТЖ» ҰК» АҚ уақытша бос қаражатты (бұдан былай – УБК) дауыс беруші акцияларының (қатысу үлестерінің) бәрі «Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-на («Самұрық-Қазына» ҰӨҚ» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 21 сәуірдегі № 17 шешімінің хаттамасы) тиесілі заңды тұлғалардың қаражатын басқарудың бірыңғай саясатына және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қазынашылық инвестициялық портфельінің негізгі параметрлеріне («ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 24 қарашадағы № 7 шешімінің хаттамасы) сәйкес басқарады.

Бұл саясат «ҚТЖ» ҰК» АҚ өтімділігінің тиісті деңгейін ұстап тұру үшін УБК-тың кірістілік пен тәуекелдің белгіленген деңгейінде сақталуын қамтамасыз ете отырып, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның УБК-ын сыртқы және ішкі қаржы нарықтарындағы қаржы құралдарына орналастырған уақытта басқарумен байланысты стратегиялық мақсаттарды, міндеттер мен шектеулерді айқындайды.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның қазынашылық инвестициялық портфельінің негізгі параметрлері портфельдің құрылымы мен қаржы құралдарының тізбесін және УБК орналастырылған кездегі олардың жол берілетін үлестерін анықтайды.

Бұдан басқа, Баланстық міндеттемелер бойынша лимиттерді белгілеу, контрагент банктердің баланстан тыс міндеттемелерін мониторингтеу және «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 24 қарашадағы шешімімен бекітілген (№ 7 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның УБҚ-ын басқару тәртібінің шеңберінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Басқармасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның тікелей міндеттемелері бойынша контрагент банктердің барынша жол берілетін лимиттерін белгілейді (қажеттілікке қарай жылына кемінде 1 рет шоғырландырылған негізде).

Бұл лимиттер контрагент банктермен арада тиісті операцияларды жасасуға деген шынайы мұқтаждық болған уақытта және контрагент банк пен сыртқы макроэкономикалық факторлар туралы ақпарат талдауының қорытындысы ескеріле отырып белгіленеді.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ контрагент банктерге жол берілетін лимиттердің шегінде, сондай-ақ анағұрлым жақсы сыйақы мөлшерлемесі мен қаржылық тәуекелдерді әртараптандыру саясатын ескере келе, УБҚ-ты орналастыру үшін контрагент банкті таңдайды.



Компания борышын басқару

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жаңа қарыз тарту туралы шешім қабылдау үшін несие келісімдерімен белгіленген қаржы коэффициенттері есептеледі:

- 1) ABN AMRO Bank N.V. мен «Lokomotiv-Leasing» ЖШС арасындағы 2008 жылғы 4 тамыздағы несие шарты, кепілгер – «ҚТЖ» ҰК» АҚ:
 - борыш/меншікті капитал – 0,6 аспайды;
 - борыш/EBITDA – 3,5 аспайды.
- 2) ЕБРР мен «Қазтеміртранс» АҚ арасындағы 2010 жылғы 29 наурыздағы несие шарты, кепілгер – «ҚТЖ» ҰК» АҚ:
 - Жабу коэффициенті (EBITDA/Пайыздар бойынша шығыс) – 3,5 аспайды;
 - борыш/EBITDA – 3,75 аспайды.

Мұнымен қоса, қолданыстағы несие шарттарының шеңберінде Кредиторлардың алдында орындалуына тұрақты мониторинг жүргізілетін қаржылық емес міндеттемелер бар.

Жоғары кредиттік рейтингтер мен несие шарттары бойынша міндеттемелерді уақытылы орындайтын және өзінің несие тарихында төлем дефолтының бірде-бір жағайына жол бермеген сенімді қарыз алушы беделі «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на сыртқы және ішкі қаржы нарығында тиімді шарттармен қарыз алуға мүмкіндік берді.

Қарыз алудың тиімдірек шарттарын ескере отырып, қарыз қаражатының, соның ішінде еурооблигациялар бойынша негізгі бөлігін Топ Инвестициялық бағдарламаны қаржыландыру үшін сыртқы нарықта ұзақ мерзімге алған.

Бүгінгі күні «ҚТЖ» ҰК» АҚ «Қазақстанның темір жол көлігінің қуатын дамыту» жобасын қаржыландыру жөніндегі Шет мемлекеттерімен экономикалық ынтымақтасу қоры (OECD, Жапония) сияқты қаржы институттарымен, шетелдік банктермен ынтымақтасады. «Алматы–Астана желісіндегі жолаушылар пойызының жүру уақытын 12–14 сағатқа дейін қысқарту» жобасы бойынша Испания Корольдігінің Instituto de Credito Oficial, локомотивтердің General Electric дизель-генераторлық қондырғылармен модернизациялануын қаржыландыру бойынша АҚШ-тың RBS Экспорт-импорт банкі, «Бастапқы магистральдық көлік байланыс желісінің құрылысы» және «Жылжымалы құрамды сатып алу» сияқты жобаларды қаржыландыру бойынша Еуропаның қайта құру және даму банкі (ЕҚҚДБ) және басқалары.

Инвестициялық қызмет

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның инвестициялық қызметі темір жол көлігінің орнықты жұмысын қамтамасыз ету кешенін іске асыруға, тасымалдау қызметінің сапасы мен қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Компанияның 2010 жылы салған күрделі салымдары 205 867 млн теңгені құрады. Бұл 2009 жылдың деңгейімен салыстырғанда 2 есе артық.

2010 жылы күрделі салымдар:


- Қорғас – Жетіген темір жол желісінің құрылысына (34 265 млн теңге);
- Өзен – Түркіменстанмен мемлекеттік шекара темір жол желісінің құрылысына (22 567 млн теңге);
- Астана қаласындағы локомотив құрастыру зауытының құрылысына (1 711 млн теңге);
- локомотив паркін 52 бірлікке жаңартуға (22 414 млн теңге);
- 83 бірлік локомотивті күрделі жөндеуге (4 798 млн теңге);
- 1 231 бірлік жүк вагонын сатып алуға (11 617 млн теңге);
- 1 192 бірлік жүк вагонын жөндеуге (5 380 млн теңге);
- жолаушылар вагоны (38 бірлік) мен электропоездар (20 бірлік) сатып алуға (3 753 млн теңге);
- 147 бірлік жолаушылар вагоны мен электропоездарды күрделі жөндеуге (5 222 млн теңге);

- 600 шақырым жолдың жоғарғы қабатын күрделі жөндеуге (29 498 млн теңге);
- ақпараттандыруға, автоматтандыруға және телекоммуникацияларды дамытуға (19 086 млн теңге);
- Достық шекара станциясын дамытуға бағытталған іс-шараларға (2 813 млн теңге) бағытталды.

Жылжымалы және тартымды жылжымалы құрамды жаңарту, отандық көлік машина құрылысын дамыту және Қазақстан импортының орнын басатын өндіріс нарығының жаңа сегментін құру мақсатында 2010 жылы төмендегідей ірі жобалар іске асырыла бастады:

- Астана қ. «Тальго» жолаушылар вагондарын шығаратын зауыттың құрылысы;
- Астана қ. Заманауи электропоездар шығаратын зауыттың құрылысы.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ 2020 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ





Жүк тасымалдау қызметтерін көрсету функциялары ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жарғылық капиталға 100% қатысуымен қайта құрылған еншілес компанияға – «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-на берілетін болады. Жүк тасымалдау қызметі тиімді әрі толыққанды көрсетілуі үшін «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ-на магистралдық жүк локомотивтері, жүк вагондары паркі және процесстер мен активтердің бүкіл қажетті технологиялық және ұйымдастыру спектрі ұсынылатын болады.

Қайта құрылымдау шеңберінде «Жүк тасымалы» АҚ-ның атауы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жарғылық капиталға 100% қатысуымен Ұлттық жолаушылар тасымалдаушысы мәртебесін сақтап қалатын «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ атауына өзгертілетін болады. «ҚТЖ – Жүк тасымалы» АҚ стратегиялық активтердің бүкіл пакетін (магистральдық жолаушылар локомотивтері, жолаушылар вагондары) иеленетін және басқаратын болады.

Қаржы активтері құрылымының трансформациялануымен қатар өндіріс активтері де оңтайландырылатын болады. Жалпысалалық инвестициялық бағдарламаның бір бөлігі болатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ негізгі қаражаты түбегейлі жаңартылып, модернизацияланады.

2020 жылға дейін Компания 3,06 трлн теңге инвестиция салмақ.


4. Қызметтің басқарылуын арттыру.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметінің басқарылуын арттыру іс-шаралары қызметтің басқару аспектілерін қамтитын болады. Басқару қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін, жауапкершілік, біліктілік, есеп берушілік пен тиімділік деңгейін арттыру үшін, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да басқару ісіне процесстік тәсіл қолдану жұмысы жүргізілетін болады.

Стратегияның іске сәтті асырылуы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ын аз қаражат жұмсап, сапасы жоғары көлік қызметін көрсететін тиімділігі жоғары коммерциялық ұйымға айналдыруға мүмкіндік береді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да негізінен, төмендегідей өзгерістер болады:

■ Ұйымдастыру құрылымы өзгертілетін болады. Өзара әрекеттесу схемалары күрделі, артық элементтері бар және ұйымдастырылу құрылымы тиімсіз өндіріске бағыт алған құрылымның орнына «ҚТЖ» ҰК» АҚ-на өзінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға көмектесетін, нарыққа бағдарланған икемді әрі қарапайым құрылым пайда болатын болады.


- Активтер портфелін қайта құрылымдау жүргізіледі. Көптеген қосалқы еншілес компаниялардың орнына «ҚТЖ» ҰК» АҚ үшін шешуші стратегиялық маңызы бар тек бірнеше ғана профильдік активтер қалады.
- Қаржылық ашықтықтың төмен деңгейінің орнына бір жақты есеп берушілік пен жоғары деңгейдегі ашықтықты қамтамасыз ететін қаржылық есептіліктің нақты бөлінуі пайда болады.
- Инфрақұрылым өзгертіледі. Жүк тасымалдарының есебінен айқаспалы субсидиялаумен жұмсалымдардың бюджеттік орталығының орнына баға құруы ашық темір жол инфрақұрылымы қызметтерін тиімді әрі өз бетінше жеткізуші пайда болады.




ТҰРАҚТЫЛЫҚ



- Тәуекелдерді корпоративтік басқару
- Кадрлық және әлеуметтік саясат
- Қоршаған ортаны қорғау
- Еңбек қауіпсіздігі
- Қозғалыс қауіпсіздігі





Тәуекелдерді корпоративтік басқару

«ҚТЖ» ҰК» АҚ құны мен беделіне кері салдарын тигізуі мүмкін уақытылы сәйкестендіру мен тәуекелдер деңгейін азайту шараларының қабылдануына бағытталған Компания мен оның еншілес ұйымдарының корпоративтік басқару жүйесінің басты құраушысы ретінде тәуекелдерді басқарудың маңыздылығын түсінеді.

Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін енгізу «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ Ұсыныстарын орындау шеңберінде жүзеге асырылады. Бұған сәйкес тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесі COSO «Тәуекелдерді корпоративтік басқару – «Интеграцияланған модель» (2004) моделіне сәйкес енгізілуі тиіс.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ғы корпоративтік басқаруды диагностикалау жобасының шеңберінде KPMG халықаралық консалтингтік компаниясы 2010 жылы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ғы тәуекелдерді басқару жүйесінің әлемдік үздік тәжірибенің талаптарына сай келуіне тәуелсіз бағалау жүргізді. Консалтингтік компанияның берген бағасына сәйкес «Тәуекелдерді басқару» процесінің әлемдік үздік тәжірибе талаптарының сай келуі 2010 жылы 75% құрады (2009 жылы – 40%).

2010 жылы Директорлар кеңесі мен Басқарманың жұмысы тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін әлемдік үздік тәжірибеге сәйкестендіруге бағытталды.



2010 жылы Тәуекелдер жөніндегі комитет 6 отырысын (2009 жылы – 8 отырыс) өткізді. 2010 жылы Тәуекелдер жөніндегі комитет келесі мәселелер бойынша шешімдер қабылдады:

- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің әдістемесін дамыту мәселесі,
- өндірістік тәуекелдер мәселелері,
- қаржылық тәуекелдер мәселелері (валюталық тәуекелді басқару, контрагент банктерге қойылған тікелей міндеттемелер бойынша лимиттерді бақылау және оларға мониторинг жүргізу және т.б.),
- пайыздық және валюталық тәуекелдерді хеджирлеу саясатын мақұлдау туралы,
- тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін мақұлдау туралы,
- тәуекелдер матрицасы мен корпоративтік деңгейдің бақылануын мақұлдау туралы және т.б.

Мұнымен қоса, Комитет отырыстарында еншілес ұйымдарға тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу бойынша жүргізілетін жұмыстар туралы есептер қарастырылды.

Компания «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның аудит-телген шоғырландырылған жылдық және бөлек қаржы есептілігінде «Қаржы құралдары, қаржы тәуекелдерін басқару саясаты мен мақсаттары» қосымшасын ашады.

2010 жылы Компанияда тәжірибелік пайдалануға SAP GRC платформасының негізінде «Тәуекелдерді корпоративтік басқару» автоматтандырылған басқару жүйесі қабылданды.

Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін арттыру шеңберінде 2010 жылы келесідей бірқатар шешуші іс-шаралар өткізілді:

1. Тәуекелдерді корпоративтік басқару жүйесін енгізу шеңберінде Компанияда тәуекелдерді сәйкестендіру, тәуекелдерді бағалау, тәуекелдерді басқару іс-шараларының жоспарын әзірлеу іс-шаралары өткізілді. «ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 17 қыркүйектегі шешімімен (№ 02/20 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Тізілімі мен Тәуекелдер картасы (шоғырландырылған негізде), сондай-ақ «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның 2010–2011 жылдарға арналған Тәуекелдерді басқару іс-шараларының жоспары бекітілді.

Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібі, процедурасы, жүргізу әдістемесі, сондай-ақ ағымдағы тәуекелдерді бақылау және тәуекелдерді басқару әдістерінің тиімділігін мониторингтеу Компанияда Компанияның Директорлар кеңесінің 2009 жылғы 19 қазандағы шешімімен бекітілген (№ 6 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Басқарманың 2010 жылғы 30 желтоқсандағы шешімімен (№ 02/30 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның тәуекелдер және корпоративтік деңгейін бақылау матрицасы бекітілді. Тәуекелдер және корпоративтік деңгейін бақылау матрицасы «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Басқарушылық есептілік жүйесін енгізу іс-шараларының жоспарына сәйкес корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру шеңберінде әзірленді (2008 жылғы 28 сәуірдегі № 3 хаттама). Корпоративтік деңгейді бақылаулары корпоративтік деңгейдегі тәуекелдер тұрғысынан Компанияның ішкі бақылау жүйесін құру, кемшіліктерді анықтау және корпоративтік басқару жүйесін жетілдірудің мүмкіншіліктерін анықтау тәсілін айқындайды. Корпоративтік деңгей матрицасы корпоративтік деңгейдің 104 ішкі бақылауының ағымдағы мәртебесін көрсетеді.

3. Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (№ 9 хаттама) «ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін бағалау көрсеткіштері бекітілді. Тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау үшін тиімділік көрсеткіштерінің ағымдағы жағдайына баға беру және одан әрі жетілдіру мүмкіншіліктерін айқындау мақсатында Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің тиімділігін бағалау кезде қолданатын тәсілін айқындайды. Компанияның тәуекелдерді басқару жүйесін бағалау үшін тиімділік көрсеткіштері 4 интегралдық көрсеткішті қамтиды:

- 1) тәуекелдерді басқару жүйесінің үздік тәжірибе талаптарына сай келуі,
- 2) корпоративтік деңгей бақылауларын енгізу деңгейі,
- 3) бизнес-процесстерді ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі,
- 4) тәуекелдерді басқару жүйесінің операциялық тиімділігі.

4. Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 23 желтоқсандағы шешімімен (№ 9 хаттама) Пайыздық және валюталық тәуекелдерді хеджирлеу саясаты бекітілді. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы» Акционерлік компаниясының пайыздық және валюталық тәуекелдерді хеджирлеу саясаты пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы қарыздар бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің қолайсыз өзгеруіне және теңге бағамының шетел валютасына қатысты қолайсыз өзгеруіне байланысты болуы мүмкін пайыздық және валюталық тәуекелдерді азайту (түсіру) мақсатында әзірленген.

5. Ішкі бақылау жүйесін жетілдіру мақсатында Компанияда тәуекелдер және қаржылық есептілікті дайындаудың шешуші бизнес-процесстерін, соның ішінде қаржылық есептілікті дайындау және шоғырландыру процесін бақылау матрицалары әзірленіп, бекітілді. Ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі Ішкі бақылаудың тиімділігін бағалау әдістемесіне сәйкес бағаланады («ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның Аудит жөніндегі комитетінің 2010 жылғы 8 желтоқсандағы шешімімен мақұлданды, № 09/10 хаттама).



Кадрлық саясат

Қазақстанның темір жол саласының стратегиялық міндеттерін жүзеге асырудың маңызды ресурстарының бірі болып, Компанияның кадрлық әлеуеті табылады. 2011 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша Компания жұмыскерлерінің жалпы саны 146 449 адамды құрады.

Кадрлар тұрақсыздығының белгіленген негізгі көрсеткіші – 14% аспағанда, компаниялар тобы бойынша кадрлар тұрақсыздығының жалпы деңгейі жыл қорытындысы бойынша 9,6% құрап, 2009 жылмен салыстырғанда 5% азайғандығы байқалады.

Компанияда қызметкерлердің сапасын арттыруда мақсатты жұмыс жүргізіледі:

- бос орындарға кандидатуралар конкурстық процедуралардың негізінде іріктеледі;
- жүйелі негізде қызметкерлерге баға беріледі: аттестацияланып, кадрлық аудит жүргізіледі.

Жүргізілетін іс-шаралар жоғары және орта кәсіптік білімі бар жұмыскерлер санының артуына әкелді: 79 241 адам (жыл басында 77 699 адам).

Қызметкерлердің сапасын арттыру мақсатында Компаниядағы лауазымдардың кәсіби стандарттарын дайындау бойынша ұйымдастыру жұмысы жүргізілді.

Компаниялар тобы қызметкерлерінің қанағаттануының орташа деңгейі 2010 жылы 62,5% құраса, 2009 жыл бұл көрсеткіш 61,5%, 2008 жылы – 45,6% құраған болатын.

Қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттанудың жалпы деңгейінің артқанына қарамастан, Компанияда еңбекақы төлеу жүйесін, еңбек мотивациясын және жұмыскерлердің баспанамен қамтамасыз етілуін одан әрі жетілдіру қажет.

2010 жылы кәсіптік дамытудың барлық түрлері бойынша компаниялар тобының шамамен 29 мың жұмыскері оқытылса, оның 42 мыңы «РЖД» ААҚ-ның кәсіпорындарында оқытылған. 2009 жылы – 24 мыңнан артық жұмыскер оқытылған.

Мемлекеттік тіл саясатын жүзеге асыру шеңберінде компаниялар тобының 5 500 астам жұмыскері оқытылуда.

Түрлі бағдарламалар бойынша 134 студенттің оқуының ақшасы төленді. Компанияның құрылымдық бөлімшелерінде 3 000 астам студенттің өндірістік практикасы ұйымдастырылып, 1 200 астам жас маман жұмыспен қамтамасыз етілді, оның 513 – ҚазККА түлегі.

Астана қаласында заманауи Оқу орталығын ашу жұмыстары ұйымдастырылуда.

Компанияда келешегі бар 92 жұмыскердің кадрлық резерві қалыптастырылған. Еншілес ұйымдардағы кадрлық резервтің жалпы саны 2010 жылы 1 469 адамды құрады.

2009 жылы компаниялар тобы бойынша кадрлық резервтен жүргізілген тағайындаулар мен ротациялар пайызы 53,1% құраса, 2010 жылы бұл көрсеткіш 28,3% құрады.

Жұмыскерлерді позитивті мотивациялау мақсатында Компанияға еңбекақы төлемінің деңгейі (грейдтер) белгіленген уақытта қызметкерлердің қызметіне берілген бағаны ескеретін жаңа еңбекақы төлеу жүйесі енгізілуде.

Жұмыскерлерді моральді түрде ынталандыру шаралары белсенді жүргізілуде: 35 жұмыскер мемлекеттік наградалармен марапатталып, 2 661 салалық және ведомстволық наградалар алды. Қызылағаштағы су қоймасын су шайып кету салдарын жою кезінде ерлік көрсеткен 1 000-нан астам адамға Компания наградалары берілді.

Әлеуметтік саясат

Компания іске асыратын әлеуметтік бағдарламалардың негізгі бағыттары:

1. Тұрғын үй бағдарламасы.

Компания тұрғын үй мәселесіне ерекше көңіл бөледі. Бұл орайда, Компанияның тұрғын үй мәселелерін шешудегі басым бағыттары мынадай:

1) шағын станциялар мен разъездердегі жұмыскерлерді баспанамен қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта Компания жұмыскерлеріне жеңілдік шарттармен баспана беру, соның ішінде қызметтік баспана беру тәртібін реттейтін жергілікті актілер әзірленіп, келісілу үстінде, соның ішінде, тұңғыш рет III, IV, V топтардағы станцияларда тұратын жұмыскерлерді баспанамен қамтамасыз ету бойынша бөлек бағдарлама әзірленді.

Компания бойынша барлығы 756 станция бар, оның ішінде III, IV, V топтарға жататыны – 654. 406 станцияда құрылыс жүргізу жоспарланған.

Бағдарлама 5 жылға арналған. Құрылысқа 12 468 млн теңге қаражат жұмсалады деп көзделуде.

2) Баспананы жұмыскерлер арасында үлестіру мәселесінде ашықтық пен әділдіктің болуын қамтамасыз ету. Осы мақсатта 2010 жылдың маусымында баспанаға мұқтаж немесе тұрғын үй жағдайының жақсартылуын қажет ететін Компания жұмыскерлерінің тізімін құрып, деректер базасын сараптайтын тұңғыш электрондық бағдарлама орнатылды.



Бұл ретте, баспанаға мұқтаж және тұрғын үй жағдайының жақсартылуын қажет ететін үміткерлерді іріктеудің электрондық бағдарламасы құрылғанға дейін және қатаң іріктеу қағидалары әзірленгенге дейін мұндай үміткерлердің саны 2 713 адам болғанын айтып өту керек.

Бүгінгі күні баспана мен тұрғын үй жағдайының жақсартылуына мұқтаж жұмыскерлер саны 1 165 адамды құрап отыр.

2010 жылы Астана қаласында 23 пәтер үлестірілсе, оның жиырмамын Астана қаласының әкімдігі ұсынып, 2 пәтер «Самұрық-Қазына» Жылжымайтын мүлік қорының Баспананы жалға беру бағдарламасы бойынша берілді, «Краун плаза» тұрғын үй кешеніндегі бір пәтер қайта үлестірілді.

Мұнымен қоса, Достық станциясында жаңа 216 қызметтік пәтердің кілті табыс етілген болатын.

2. Жастарға қолдау көрсету.

Компанияда жұмыс істейтін 30 жасқа толмаған жас жұмыскерлердің жалпы саны 39 047 адамды құрайды.

Жас жұмыскерлерді шынықтыру, кәсіби тұрғыдан қалыптастыру және олардың бастамаларына қолдау көрсету, әлеуметтік проблемаларын шешу мақсатында 2010 жылдың басынан бері Компанияда «Менеджмент жобасы» мен «Болашақ басқарушылар» бағдарламаларының шеңберінде екі бағдарлама: «Сен болмасаң, Кім?» деген ұранмен жас жұмыскерлер лагері мен жас жұмыскерлердің «Жастар – теміржол болашағы» атты аймақтық және республикалық форумдары жүзеге асырыла бастады.

Аймақтық форумдардың қорытындысы бойынша 2010 жылдың қыркүйек айында Компанияның жас жұмыскерлері Мәскеу қаласында өткен «РЖД» ААҚ IV федералдық жастар слеті мен Одесса қаласы, Украинада өткен II Халықаралық теміржолшылар кәсіподақтарының жастар форумына қатысты.



Достастықтың қатысушы мемлекеттерінің Темір жол көлігі жөніндегі кеңесінің 51-отырысының шешімімен, салалық жоғары оқу орындары мен Достастық елдеріндегі темір жол әкімшіліктерінің жас жұмыскерлерімен арада ынтымақтастықты дамыту үшін 2010 жылдың сәуір айында құрамына «ҚТЖ» ҰК» АҚ өкілдері кірген Жастармен жұмыс істеу жөніндегі Темір жол көлігі кеңесінің Жұмыс тобы құрылған болатын.

Осы Жұмыс тобының шеңберінде ҚТЖ мен РЖД ынтымақтастығының нәтижесінде студенттік құрылыс жасақтары құрылып, бұл жасақтар шілде-тамыз айларында Сочи қаласында тұрғызылатын олимпиадалық титулдағы нысандардың құрылыс жұмыстарына жіберілетін болады.

2010 жылдың 3–11 қазан күндері Компанияның жас жұмыскерлерінен құралған делегация Родос аралы, Грекияда өткен «Өркениет диалогы» әлемдік қоғамдық қорының Жастар форумына қатысты.

2010 жылдың 10 және 15 желтоқсаны аралығында Астана қаласында «ҚТЖ» ҰК» АҚ І Республикалық жастар форумы өтті. Бұл форумға аймақтық жастар форумдарында іріктеуден өткен «ҚТЖ» ҰК» АҚ жас жұмыскерлері қатысты. «ҚТЖ» ҰК» АҚ І Республикалық жастар форумының қорытындысы бойынша «Менеджмент жобасы» бойынша 2 жеңімпаз жоба орындалуына қабылданып, тиісті қаржылай көмектің көрсетілуімен пилоттық жобалар ретінде «ҚТЖ» ҰК» АҚ қызметіне енгізілетін болады.

Мұнымен қоса, «Менеджмент жобасы» мен «Болашақ басқарушылар» бағдарламалары бойынша жас жеңімпаз жұмыскерлер «Магистратура» бағдарламасы бойынша (2 адам) білім гранттарымен, Қазақстан Республикасының, алыс және жақын шетел мемлекеттеріндегі білім беру ұйымдарында біліктілікті арттыру курстарымен (9 адам) марапатталып, кадрлық резервке алынды (10 адам). Бұдан басқа, форум барысында өздерінің кәсіби дағдыларын көрсеткен жас қызметкерлер, Республикалық форум қатысушылары арасында кадрлық тағайындаулар жүргізілді.

Жоғарыда аталған бағдарламалар бойынша 2010 жылы 700-ге жуық жас жұмыскер білім алып, оқытылды.

Қоғамдық бастамаларда компанияда Компанияның құрылымдық бөлімшелері мен еншілес ұйымдарының қызметкерлері арасынан «СВ» КТК құрама командасы құрылды. Осы уақытта команда 2009 жылы «Астана» КТК аймақаралық лигасының вице-чемпионы, 2010 жылы «АМИК» КТК Халықаралық одағының «КИВИН-2010» КТК Халықаралық фестивалі рейтингінің иеленушісі, Клубтың өзге номинациялары бойынша да жеңімпаз атанып, қазақстандық та, халықаралық деңгейде де өзін көрсетті.

Команда Сочи қаласында өткен КТК Халықаралық одағының фестивалі мен «Астана» КТК Аймақаралық лигасында табысты ойын көрсетіп, РЖД КТК Лигасының финалына қатысты. 2010 жылы команда Қарағанды қаласында

өткен фестивальде КТК Орталық Қазақстан лигасының Гран-при сыйлығын ұтып, жеңімпаз атанды.

3. Медициналық қызмет көрсету және шипажай-курорттық сауықтыру.

Компанияның медициналық тексеруді қамтамасыз ететін Жұмыс беруші ретіндегі негізгі міндеті – әр станция мен разъездегі жұмыскерлерге ауысым алдында уақытылы және сапалы медициналық куәландыруды, сондай-ақ, пойыз қозғалысына қатысы бар және жұмыс жағдайы зиянды әрі қауіпті жұмыскерлерге мерзімді түрде медициналық тексеру жүргізуді ұйымдастыру.

«Жәрдем» Арнаулы медициналық пойыз» жобасы

2010 жылдың 14 желтоқсанында «Жәрдем» Арнаулы медициналық пойызының тұсаукесер салтанаты өтті. 2011 жылдың 7 ақпанында «Жәрдем» пойызы Астана станциясынан Қазақстан Республикасының батыс аймағына бет алды.

Жеңілдікпен шипажай мен курорттарда ем алуды қамтамасыз ету – осы саладағы жұмыскерлер мен зейнеткерлерді сауықтыру жүйесінің ажырамас бөлігі. Осы ретте, 2010 жылы 7 000-нан астам жұмыскер мен зейнеткер өз денсаулықтарын жақсартты. Компанияның неғұрлым көп жұмыскері шипажай мен курорттарда сауыға алу үшін 2010 жылы Компания Қазақстан Республикасының әр аймақтарында орналасқан 15 шипажайға жолдама сатып алды.

4. Компания жұмыскерлерінің балаларына қамқорлық көрсету.

Компания жұмыскерлері мен теміржолшылардың балаларына әлеуметтік қолдау көрсету әлеуметтік саясатқа бағытталған басымдықтағы бағыттардың бірі. Ұжымдық шартқа сәйкес жыл сайын «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы жұмыскерлерінің 9 000-нан астам балалары мектеп демалыстары кезінде Қазақстан Республикасының балаларға арналған 16 сауықтыру лагерлерінде демалады. Осылайша, 2009 жылы жаз айларында 6 334 бала, 2010 жылы 6 693 бала демалды. Тұңғыш рет 104 бала өз денсаулықтарын Болгариядағы «Жазғы арман» атты халықаралық балалар лагерінде түзетті.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмыскерлерінің 10 жасқа дейінгі балаларына жаңа жылдық сыйлықтар беріліп, жаңа жылдық мерекелік думанға қатысады. Жаңа жылдық сыйлықтар алып, жаңа жылдық мерекелік думанға қатысқан балалардың саны 2009 жылы – 71 390, 2010 жылы – 70 000 құрады.

Корпоративтік рухты күшейту, «ҚТЖ» ҰК» АҚ жұмыскерлері мен олардың отбасы мүшелерін мәдени өмірге тарту, отбасылық құндылықтарды насихаттау және теміржолшы кәсібіне қызығушылықты арттыру мақсатында, сондай-ақ, «Балаларды қорғау күні» мерекесі қарсаңында теміржол көлігі жұмыскерлерінің балалары арасында келесі іс-шаралар ұйымдастырылды:

1) «Балауса болашақ» балалар мен жасөспірімдер суреттерінің байқауы.

Байқауға темір жол көлігі жұмыскерлері балаларының 260-қа жуық жұмысы қатысты. Байқауға қатысқан барлық қатысушылар жүлделермен, грамоталармен және естелік сыйлықтармен марапатталды. Ең үздік деп танылған жұмыстар фотоальбом журнал болып басып шығарылды.

2) «Мен болашақ теміржолшымын!» фото көрмесі.

Фото көрме қатысушылары – «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобы жұмыскерлерінің 16 жасқа дейінгі балалары мен немерелері. «ҚТЖ» ҰК» АҚ компаниялар тобының жұмыскерлері өз балалары мен немерелерінің фотосуреттерін «Қазақстан теміржолшысы» атты салалық газетінде жариялау үшін ұсынды. Барлық қатысушыларға естелік сыйлықтар берілді.

3) 1 маусым Балаларды қорғау күні 800 балақай Алматыдан келген «Сезам» қуыршақтар театрының қойылымын тамашалап, мәз-мейрам болды.

5. Соғыс ардагерлері мен зейнеткерлерге көрсетілетін қамқорлық.

Компанияда 49 906 жұмыс істемейтін зейнеткер есепте тұр. Компания зейнеткерлерге материалдық қолдау көрсету үшін 2009 жылы 515 млн теңге сома жұмсады, 2010 жылы бұл сома 15% артып, 593 млн теңгені құрады.

Ұлы Отан Соғысының 65 жылдығына орай Компания ҰОС мен НКПС қатысушыларына, КСРО медалдары және ордендермен марапатталған еңбек майданының қатысушыларына, сондай-ақ блокадада болғандар мен концлагерлер тұтқындарына материалдық көмек көрсетті.

Бұдан басқа, 2010 жылы Компания Ұлы Отан Соғысы ардагерлері мен мүгедектері 2010 жылдың мамыр айынан бастап желтоқсан айына дейін Қазақстан Республикасы аумағында қалағанша тегін жол жүру мүмкіншілігімен қамтамасыз етілді. 2010 жылдың 3–12 мамыры аралығында барлық соғыс қатысушылары мен мүгедектері мейрамхана вагондарда тегін тамақтандырылды.

«Жас Отан» жастар қанаты Ұлттық компаниясының жас жұмыскерлері соғыс қатысушылары мен мүгедектерінің үйлеріне барып, гүлшоқтары мен сыйлықтарын сыйлап, жеңіс күнімен құттықтап қайтты.

2010 жылдың 6-мамырында Компания Маңғыстау облысының ҰОС ардагерлерін, Ұлы Отан Соғысының 65 жылдығына арналған мерекелік марш-парад қатысушыларын қабылдады.



Ардагерлерді «Наурыз», «Жеңіс күні», «Көлік және байланыс жұмыскерлерінің күні», «Қарттар күні», «Тәуелсіздік күні» қарсаңында ұйымдастырылатын мерекелік шараларға шақыру компания үшін дәстүрге айналған.

2010 жылы 7 000-нан астам жұмыскер мен зейнеткер емделсе, олардың 35–40%-ын зейнеткерлер құрайды.

Көлік және байланыс жұмыскерлерінің күніне орай зейнеткерлерге көмек көрсету үшін жалпы сомасы 113,3 млн теңге қаражат бөлінді.

Ресей мен Қазақстан арасындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту, ҰОС туралы естелікті сақтау мақсатында 2010 жылдың желтоқсанында «Нұр Отан» ХДП, ҚР-ның РФ-ғы Өкілдігімен бірлесіп, бағыты 100-ші және 101-ші бригадалар жасақтарының қалаларынан – Алматы мен Ақтөбе қалаларынан, Қазақстанның облыс орталықтары: Тараз, Шымкент, Қызылорда, Орал, Ресей Федерациясының астанасы – Мәскеу және Ржев қалаларына өткен «Жеңіс пойызын» ұйымдастырды.

Мұндай пойызбен сапарға шыққандардың арасында Ұлы Отан Соғысының ардагерлері, соғыста құрбан болғандардың жақын туыстары, ауған соғысының ардагерлері, «Жас ұлан» курсанттары, «Жас Отан» жастар қанатының және өзге де қоғамдық ұйымдардың өкілдері мен журналистер болды.

Қазақстан делегациясы Ржев қаласында Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен 100-ші және 101-ші атқыштар бригадасының қазақстандық жауынгерлеріне арнап салынған мемориалдық кешеннің ашылу салтанатына қатысты.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ мен «РЖД» ААҚ арасындағы халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру шеңберінде Мәскеу қаласында өткен акцияға «РЖД» ААҚ соғыс ардагерлері қатысты.



6. Дене шынықтыру мен спортты дамыту.

Компания теміржолшылардың науқастануының алдын алу, денсаулықтарын нығайту және олардың жоғары жұмыс қабілетін сақтау мақсатында жыл сайын дене шынықтырудың дамытылуына қаржы бөледі:

- 2009 жылы жалпы сомасы 51,15 млн теңге қаржы бөлінді.
- 2010 жылы жалпы сомасы 105,00 млн теңге қаржы бөлінді.

Компанияның аймақтық филиалдарында спорт бойынша 42 нұсқаушы жұмыс істейді. Компания жұмыскерлеріне арнап спорт залдары, тренажерлық кешендер, бассейндер жалға алынады.

Компанияның орталық аппарат, филиалдар мен тәуелді еншілес қоғамдарының қызметкерлері арасында дене шынықтыру-көпшілік, спорттық және сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру

үшін 2010 жылдың наурыз айынан бастап жаңа әкімшілік ғимаратта спорт кешені (жүзу бассейні мен спорт зал) жұмыс істей бастады.

2010 жылы республика аймақтарында барлығы 22 000-ға жуық теміржолшы қатысқан 220-дан астам спорттық-көпшілік іс-шаралар мен сайыстар өткізілді.

Компания жұмыскерлері жыл сайын қалалық, республикалық, халықаралық сайыстарға, салалық спартакиадаларға қатысады.

2010 жылдың 14 мамырында Теміржолшылар спортшыларының халықаралық одағының 49-конгресінде біздің Компанияның осы ұйымға кіруі туралы шешім қабылданды. Компания 2011 жылдан бастап, халықаралық стандарттардағы спорт базаларында түрлі мемлекеттерде теміржолшылар арасында өткізілетін халықаралық спорт сайыстарына қатысатын болады.

7. Қайырымдылық және демеушілік көмек.

Компания өзінің әлеуметтік сала нысандарына қолдау көрсету, қайырымдылық бағдарламаларды іске асыру, білім, денсаулық, ғылым, өнер, дене шынықтыру, спортты дамыту және жеке тұлғаны рухани қалыптастыру саясатын жүргізуге бағытталған қайырымдылық қызметке үлкен мән береді.

Компанияның қайырымдылық қызметінің аса маңызды бағыты – халықтың әлжуаз топтарына әлеуметтік қолдау көрсетіп, материалдық жәрдем беру.

Компания Астана қ. Мүгедек балалар қоғамымен, «Қазақстанның кәсіби HR қауымдастығы» қоғамдық қорымен бірлесіп, балаларды емдеуге қажетті қаражатты жинау үшін мүмкіншілігі шектеулі балаларға арналған қайырымдылық концерттің және Қазақстан эстрадасы жұлдыздарының қатысуымен өткен концерттердің ұйымдастырылуына қатысты.

Алматы облысындағы су тасқынынан зардап шеккен жандарға, теміржолшылар мен олардың отбасы мүшелеріне көмек көрсету мақсатында Компания зардап шеккен үйлерге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге, жаңа баспана тұрғызу және материалдық көмек көрсетуге ақшалай қаражат бөлді.

Осы ретте, демеушілік көмек көрсету аясында бірқатар әлеуметтік жобалар іске асырылуда. Атап айтсақ, әр оқушының білім алуына қолайлы жағдай жасау үшін аймақтағы мектептерге өтеусіз және жан-жақты көмек көрсетуге, сондай-ақ шалғайдағы станциялар мен разъездерде тұратын балалардың өмір сүру жағдайын жақсартуға бағытталған «балалар» жобалары («Балаларға мектеп», «Темір жол басшылығының гранты», «Балапаным ҚТЖ – балаларға») іске асырылуда.

2010 жылы «Темір жол көлігінің орталық мұражайын құру» жобасы іске асырылып, аталмыш мұражай 2010 жылы 7 желтоқсан күні Компания президентінің қатысуымен салтанатты түрде ашылды.

Мұражайды құрудағы мақсат – Компания жұмыскерлерін саяхаттық және мәдени-ағарту. Мұражайда Қазақстан Республикасы темір жолының қалыптасуымен, дамуымен байланысты жарқын оқиғалар көрініс тапқан.

Мұнымен қоса, мұражайда темір жол көлігінің арқасында халықтар мәдениетінің сақталуымен қол жеткізілген жалпыұлттық бірлік көрсетіледі.

2010 жылы республикалық деңгейде жүзеге асырылған ең маңызды әлеуметтік жоба – Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігімен бірлесіп құрылған «Денсаулық» Арнаулы медициналық пойызын ұйымдастыру» жобасы.



Бұл пойыз Ақмола, Павлодар, Қостанай, Семей және Солтүстік Қазақстан облыстарында болып қайтып, жалпы қашықтығы 7 553,5 км жол жүріп өтті. 2010 жылдың 2-шілдесі 29-қазаны аралығында барлығы 23 980 адам медициналық көмекке жүгінді. Пойыздағы дәрігер мамандарға қаралғандардың саны 72 818 адамды құрады, яғни орта есеппен алғанда, әр адам үш дәрігер маманға көрінген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ «Денсаулық» Арнаулы медициналық пойыз» атты әлеуметтік жобасымен «Парыз» бизнестегі әлеуметтік жауапкершілік бойынша республикалық байқауға қатысып, «Жылдың үздік әлеуметтік жобасы» номинациясында жеңіп, 2-ші орын иеленді. Мұнымен қоса, аталмыш жоба Қазақстанда өткен «Choice of the year» – «Қазақстандағы жыл таңдауы» халықаралық фестивалінде 2010 жылдың № 1 Әлеуметтік-маңызды жобасы болып танылды.

Қоршаған ортаны қорғау

«ҚТЖ» ҰК» АҚ өз қызметімен айналысу барысында экологиялық қауіпсіздік пен қоршаған ортаның тынысы үшін жауапкершілікте болады.

Компанияның табиғатты қорғау қызметі Табиғатты қорғау қызметі Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Темір жол көлігі туралы» Заңына, басқа да нормативтік құқықтық актілер мен Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес жүзеге асырылып келеді, сондай-ақ, 2009 жылы әзірленіп, бекітілген негізгі жергілікті акт болып табылатын «ҚТЖ» ҰК» АҚ Қоршаған ортаны қорғау ережесімен регламенттелген.

Темір жол көлігінің қоршаған ортаға тигізетінін кері әсерін азайту мақсатында жыл сайын Компанияда Табиғатты қорғау шараларының жоспары әзірленіп, жүзеге асырылады. Бұл жоспарлармен шаңды ұстап қалу қондырғысының арқасында атмосфералық ауаға шығарылатын ластаушы заттардың тастандыларын азайту, қазандықтарды отынның зияны аз түрлеріне ауыстыру, қазандық агрегаттарын орнату және жаңғырту, тартқыш жылжымалы құрамды экологиялық таза тепловоздарға ауыстыру, магистралдық темір жолдарды электрофикациялау, шығарынды көздерін жою қарастырылады.



2010 жылы табиғатты қорғау шараларына жалпы Компания бойынша 307,6 млн теңге бөлінді. 2010 жылы қаражаттың 292,2 млн теңгесі, немесе 93,4% игерілді. Құрылымдық бөлімшелер мен еншілес ұйымдардың жоспарларымен 2010 жылы қарастырылған 158 іс-шараның 154-і орындалды. Бұл іс-шаралардың 97% құрайды. Бөлінген қаражаттың игерілмеуі іс-шаралардың орындалмауының салдары және тендерлерді жүргізу барысында сатып алынған қызмет құнының азаюы болып табылады.

Табиғатты қорғау іс-шараларының іске асырылуының арқасында атмосфералық ауаға шығарылған ластаушы заттардың тастандылары 2009 жылмен салыстырғанда 2010 жылы 23,6%, ал түзілген қалдықтардың мөлшері 9% азайды. Бұл экологиялық төлемдерді 12,2% азайтуға мүмкіндік берді.

Еңбек қауіпсіздігі



«ҚТЖ» ҰК» АҚ қауіпсіз еңбекті басқару жүйесі «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында ҚТЖ» ҰК» АҚ Басқармасының 2010 жылғы 7 шілдедегі шешімімен, № 02/12 хаттама бекітілген еңбек қауіпсіздігін ұйымдастыру ережелерімен реттелген.

Бұл Ереже барлық деңгейдегі басшылардың еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету міндеттерін қарастырады. Мұнда жұмыскерлердің салауатты және қауіпсіз еңбек жағдайларын құруы үшін Компания басшыларының жеке жауапкершілігіне ерекше мән беріледі.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ құрылымдық бөлімшелерінде еңбек қауіпсіздігінің бұзылу жағдайын азайту, қалыпты еңбек жағдайын құру, жаңа техника және озық технологиялар енгізу, өндіріс процестерін механизациялау, ғимараттар мен құрылыстарды қайта құру, өндірістік базаларды дамыту және қолмен жасалатын жұмысты азайту бойынша жекелеген жұмыстар жүргізілді. Осы арқылы қолмен жасалатын жұмыстың үлесін азайту және жұмысшыларды жарақат алу қаупі бар аймақтардан шығару шараларының кезекпен жүргізілетін бағдарламасы жүзеге асырылады.

Жүргізілген жұмыс нәтижесінде 2010 жылы өндірістік жарақат алу жағдайы 15% төмендетілді (2009 жылы 41 жағдай болса, 2010 жылы 35 жағдай).

Жарақат алу көрсеткіштері төмендетілді:

- 1 000 жұмысшыға келетін өндірістік жарақат алу жиілігінің коэффициенті 2009 жылы 0,34 құраса, 2010 жылы 0,29 құрады;
- 1 000 жұмысшыға келетін өндірістік жарақаттың күрделілік коэффициенті 2009 жылы 21,48 құраса, 2010 жылы 16,38 құраған.

Қозғалыс қауіпсіздігі

2010 жылы жүргізілетін іс-шаралар қозғалыс қауіпсіздігінің жалпы санын 7 жағдайға (524-тен 517-ге) азайтуға, жұмыстағы ақау жағдайын 44% (98-ден 54-ке), ақаудың ерекше жағдайларын 36% (22-ден 14-ке) азайтуға мүмкіндік берді.

Тасымал көлеміне қатысты ақау жиілігі 0,28-ден 0,14-ке немесе 50% азайтылып, жүк айналымы 9% артты.

Қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуын жіктеу түрлері бойынша жекелеген көрсеткіштер біршама жақсартылды.

- пойыздың төңкерілуі 2-ден 0-ге;
- апаттар 2-ден 0-ге;
- жолаушылар және жүк пойыздарының соқтығысуы 1-ден 0-ге;
- вагонның жолаушылар пойызынан ажырауы 1-ден 0-ге;
- жолаушылар пойызындағы локомотивтің бүлінуі 8-ден 4-ке;
- маневрлік жұмыстар кезіндегі түсіп кету 18-ден 11-ге;
- техника құралдарының, жылжымалы құрамның бұзылуынан пойыздардың 1 сағаттан артық кешігуі (45-тен 18-ге) азайды.

Жағдайлары азайды:

- шаруашылықтардағы қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуы: дабыл және байланыс 58%, қозғалыс 36%, локомотивті 14%, электр жабдықтау 11%;
- шаруашылықтардағы жұмыстағы ақаулар жағдайлары: жолаушылар 3-тен 0-ге, вагонды 13-тен 9-ға, жол және қозғалыс 15-тен 8-ге, локомотивті 51-ден 24-ке, қозғалыс 11-ден 8-ге азайды.

Ақаулық жағдайының жалпы санынан шаруашылық үлесі (54): локомотивті – 44%, вагонды – 17%, жол және қозғалыс – 15%, дабыл және байланыс, электр жабдықтау – 4%, жүк – 2%.

Мұндай нәтижеге 2009 жылғы 5 қаңтардағы «Басқару жүйесі және қозғалыс қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуін ұйымдастыру шаралары туралы» № 01-Ц бұйрығына сәйкес 2009–2011 жж. арналған жүйелі шараларды іске асыру арқасында қол жеткізілді.



Мұнда ең алдымен:

- қозғалыс қауіпсіздігінің әр бұзылу (жұмыстағы ақау, қиыншылықтар, басқа жағдайлар) жағдайы тексерілді, жағдайлардың себептері мен жағдайлары талданып, олардың алдын алу шаралары қолданылды. Анықтау қорытындылары бойынша кінәлі жұмыскерлер қатаң тәртіптік жазаға тартылды;
- қозғалыс қауіпсіздігін талдау жүйесі орнатылып, жұмыс істейді, басшылардың орындалған жұмыспен жақсарту шаралары туралы есептері тыңдалады;
- Компания басшылығы қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстарының қорытындыларын аппараттық және кеңейтілген жиналыстарда үнемі қарастырады;
- Компанияның басқарушы директорларының қатысуымен тексерулер ұйымдастырылып, жүргізілді, жолдар тексерілді, шаруашылықтарға комиссиялық көктемгі және күздік тексерістер жүргізілді.

Бұдан басқа:

- қозғалыс қауіпсіздігін тікелей қамтамасыз ететін теміржолшылардың еңбегі нысаналық мотивацияланды. Апатсыз жұмысты қамтамасыз еткені, орын алу мүмкін болған ауыр салдардың алдын алғаны үшін Компанияның 136 жұмыскері «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» белгісімен марапатталды;
- Тәуекелдерді басқару басқармасымен бірлесіп, инфрақұрылымның және жылжымалы құрамның қауіпті жағдайларының болу тәуекелдерін болжау жұмыстары атқарылды.

Қозғалыс қауіпсіздігі департаменті жыл қорытындысы бойынша қозғалыс қауіпсіздігін сараптап, алдағы жылдары шешу керек болатын проблемалы мәселелерді, өндірістік тәуекелдер факторларын анықтады. Жұмыстағы ақаулар жағдайларын талдай келе, төмендегідей тәуекелдер айқындалды:

- қызметкерлердің қауіп тудыруы мүмкін әрекеттерінің тәуекелі – 57%;
- техникалық құралдар мен жылжымалы құрамның технологиялық істен шығу тәуекелі – 43%;

Талдауды, апаттылық қарқынының жылдан жылға азаю беталысын, 1-Ц бұйрығының түзетпелерін қарай келе, пойыз қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жүргізілетін жұмыстардың тиімділігін арттыруға, әсіресе, адам факторының ықпалын азайтуға бағытталған 2010–2014 жж. арналған жүйелік іс-шаралар әзірленді.




Дайындалған іс-шаралар:

- қызметкерлердің қауіп тудыра алатын іс-әрекеттеріне, технологиялық тәртіпке, қызметкерлердің біліктілігіне;
- көптеген техникалық кемшіліктерге немесе станциялардың, құрылғылардың тәуекел дәрежесіне жанама немесе тікелей ықпал ететін бүгінгі ерекшеліктеріне;
- кәсіпорындардағы жұмыс орындарының техникалық жарақтандырылуына, сондай-ақ жылжымалы құрам құрылғыларының қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ететін техникалық құралдармен жабдықталуына жататын анағұрлым проблемалы факторлардың осы үш тобын шешуге бағытталған.

Қозғалыс қауіпсіздігі ахуалының апаттылық деңгейін (қозғалыс қауіпсіздігінің коэффициентін) жыл сайын орта есеппен 1%-ға азайту арқылы қамтамасыз етіп отыру көзделіп отыр.

КОМПАНИЯНЫҢ 2011 ЖЫЛҒА АРНАЛҒАН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ





ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІК



- Қаржы жағдайы туралы шоғырландырылған есеп
- Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп
- Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп
- Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп



ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

2010 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша

АКТИВТЕР	2010 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫ	2009 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНЫ
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕР		
Негізгі қаражат	978,927,703	833,599,921
Материалдық емес активтер	5,300,895	4,488,144
Қауымдасқан ұйымдарға салынған инвестициялар	2,777,494	2,467,654
Басқа ұзақ мерзімді активтер	31,351,523	9,941,969
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	1,018,357,615	850,497,688
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕР		
Тауар-материалдық қорлар	22,501,420	20,942,968
Сауда дебиторлық берешек	4,158,440	6,062,863
Басқа қаржы активтері	122,201,395	17,706,980
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем	2,822,661	8,436,108
Акционердің пайдасына арналған актив	9,170,284	-
Ағымдағы басқа активтер	26,397,658	38,490,712
Ақша қаражаты мен оның баламалары	94,629,601	52,442,441
Жұмсалуды шектелген ақша қаражаты	227,662	233,714
АҒЫМДАҒЫ АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	282,109,121	144,315,786
АКТИВТЕРДІҢ ЖИЫНЫ	1,300,466,736	994,813,474
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТЕМЕЛЕР		
КАПИТАЛ		
Жарғылық капитал	521,100,457	486,220,457
Қосымша төленген капитал және шығарылмаған жарғылық капитал	41,472,001	20,254,432
Шетел валюталарын қайта есептеу кезінде құрылған резерв	(103,797)	(83,546)
Үлестірілмеген пайда	189,734,202	154,611,850
БАС КОМПАНИЯ АКЦИОНЕРІНІҢ МЕНШІКТІ КАПИТАЛЫ	752,202,863	661,003,193
Негізгі емес иелену үлестері	(2,089)	-
КАПИТАЛДЫҢ ЖИЫНЫ	752,200,774	661,003,193
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Қарыздар	41,241,101	31,841,262
Шығарылған борыштық қарыз қағаздары	153,740,906	117,706,342
Қаржылық жал бойынша міндеттемелер	4,945,560	5,268,051
Жұмыскерлерге сыйақы беру міндеттемелері	13,372,274	12,595,946
Кейінге қалдырылған табыс салығы бойынша міндеттемелер	83,745,025	45,760,039
ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	297,044,866	213,171,640
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		
Қысқа мерзімді қарыздар	-	4,860,026
Ұзақ мерзімді қарыздардың ағымдағы бөлігі	30,135,249	11,339,472
Шығарылған борыштық қарыз қағаздардың ағымдағы бөлігі	68,927,178	1,092,377
Қаржылық жал бойынша міндеттемелердің ағымдағы бөлігі	508,648	476,428
Жұмыскерлерге сыйақы беру міндеттемелерінің ағымдағы бөлігі	1,647,539	979,120
Сауда кредиторлық берешек	59,729,674	43,642,693
Табыс салығы бойынша міндеттемелер	152,042	80,898
Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндеттемелер	5,208,657	8,204,631
Ағымдағы басқа міндеттемелер	84,912,109	49,962,996
АҒЫМДАҒЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	251,221,096	120,638,641
МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	548,265,962	333,810,281
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІҢ ЖИЫНЫ	1,300,466,736	994,813,474

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:	2010 Ж.	2009 Ж.
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ ПАЙДА	105,024,871	32,371,942
ТҮЗЕТУЛЕР:		
Тозу мен амортизация	52,049,377	47,850,299
Қаржы жұмсалымдары	12,322,041	9,673,490
Қосымша құн салығы бойынша өтеуге құнсыздану резерві	8,998,670	1,465,167
Есептелген айыппұл бойынша (кіріс)/шығын	(121,529)	52,922
Шарт талаптарын орындамау үшін төленген айыппұл	3,801,217	22,470
Негізгі қаражаттың құнсыздануынан келтірілген шығын/(шығынды қалпына келтіру)	(189,426)	1,409,623
Негізгі қаражат пен негізгі басқа қорлардың шығарылуынан келтірілген (кіріс)/шығыс	(520,791)	5,806
Қаржылық кіріс	(3,284,929)	(2,661,506)
Белгіленген төлемдер жоспары бойынша актуарлық міндеттемелер	2,760,516	954,856
Қауымдасқан ұйымдардың (пайдасындағы)/шығынындағы үлес	(330,211)	90,039
Өтімсіз және ескірген тауар-материалдық қорлар бойынша резервті қалпына келтіру	(643,232)	(316,531)
Күмәнді берешек бойынша резерв есептеу	1,295,263	2,067,730
Алынбаған еңбек демалыстары бойынша резерв есептеу	953,197	439,871
Теріс бағам айырмашылығына	145,682	25,317,850
Басқа шығын/(пайда)	53,396	(1,085,399)
АЙНАЛЫМ КАПИТАЛЫ ӨЗГЕРГЕНГЕ ДЕЙІНГІ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КІРІС	182,314,112	117,658,629
Сауда дебиторлық берешектің азаюы	1,693,120	540,437
Сауда-материалдық қорлардың көбеюі	(1,337,643)	(1,777,654)
Ағымдағы басқа және ұзақ мерзімді активтердің азаюы/(көбеюі) (соның ішінде өтеуге ұзақ мерзімді ҚҚС-ның көбеюі)	735,075	(6,794,217)
Сауда дебиторлық берешектің көбеюі/(азаюы)	4,839,151	(6,596,196)
Төленетін басқа салықтардың көбеюі	5,093,492	1,641,758
Ағымдағы басқа міндеттемелердің көбеюі	2,896,324	5,919,895
Жұмыскерлерге берілетін сыйақылар бойынша міндеттемелердің азаюы	(1,315,769)	(915,352)
Басқа ұзақ мерзімді міндеттемелердің азаюы	-	(1,010,287)
Операциялық қызметтен алынған ақша қаражаты	194,917,862	108,667,013
Төленген пайыздар	(10,189,072)	(10,206,556)
Төленген табыс салығы	(3,746,184)	(1,625,271)
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТАЗА ҚОЗҒАЛЫСЫ	180,982,606	96,835,186
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Негізгі қаражатты сатып алу	(206,033,921)	(101,283,773)
Материалдық емес активтерді сатып алу	(1,945,366)	(14,866)
Тұрғын үй қорының құрылысына берілген аванстар	-	(1,150,031)
Инвестициялар сатып алу	(4,229,862)	(1,699,136)
Алынған пайыздар	2,502,378	2,719,810
Қысқа мерзімді инвестицияларды сатып алу	(173,529,797)	(20,902,951)
Қысқа мерзімді инвестицияларды сатудан түскен түсім	69,375,889	20,200,103
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕ ЖҰМСАЛҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТАЗА ҚОЗҒАЛЫСЫ	(313,860,679)	(102,130,844)

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АЛЫНҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:		
Жарғылық капиталға салынған жарна	52,458,867	1,578,000
Алынған қарыздар	52,622,821	14,715,303
Облигацияларды шығарудан түскен түсім	103,013,775	-
Қарыздарды өтеу	(20,564,946)	(4,583,542)
Негізгі емес иелену үлестерін салу	10,870	-
Төленген дивидендтер	(2,923,319)	(2,888,266)
Акционердің пайдасына арналған активті сатып алу	(9,170,284)	-
Қаржылық жал бойынша міндеттемелерді өтеу	(339,553)	(124,792)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ТАЗА ҚОЗҒАЛЫСЫ	175,108,231	8,696,703
АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫНЫҢ ТАЗА КӨБЕЮІ	42,230,158	3,401,045
Жыл басындағы ақша қаражаты мен оның баламалары	52,442,441	49,164,450
Валюта бағамдарының шетел валютасына деноминацияланған ақша қаражаты мен оның баламаларының баланстарына өзгеру әсері	(42,998)	(123,054)
ЖЫЛ СОҢЫНДАҒЫ АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ	94,629,601	52,442,441

Жыл бойында Топта төмендегідей ақшалай емес операциялар жүргізілді:


Қаржылық жал туралы келісімдер бойынша жалпы құны 3,506 мың теңгеге (2009 ж.: 1,565,960 мың теңгеге) активтер сатып алу.

МЕНШІКТІ КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (МЫҢ ТЕҢГЕМЕН)

2010 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін

	ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ	ҚОСЫМША ТӨЛЕНГЕН КАПИТАЛ ЖӘНЕ ШЫҒА- РЫЛМАҒАН ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ	ШЕТЕЛ ВАЛЮТА- СЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУДЕН ҚҰРЫЛҒАН РЕЗЕРВ	ҮЛЕСТІРМЕ- ГЕН ПАЙДА	БАС КОМПАНИЯ АКЦИОНЕРІ- НІҢ ҮЛЕСІ	НЕГІЗГІ ЕМЕС ИЕЛЕНУ ҮЛЕСІ	КАПИТАЛ- ДЫҢ ЖИЫНЫ
2009 Ж. 1 ҚАҢТАРДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША	484,642,457	21,589,270	(389,810)	138,011,329	643,853,246	-	643,853,246
Бір жылдық пайда	-	-	-	19,488,787	19,488,787	-	19,488,787
Бір жылдық басқа жиынтық кіріс	-	-	306,264	-	306,264	-	306,264
Бір жылдық жиынтық кіріс	-	-	306,264	19,488,787	19,795,051	-	19,795,051
Жарғылық капиталға салынған жарна	1,578,000	6,462	-	-	1,584,462	-	1,584,462
Дивидендтер төлеу	-	-	-	(2,888,266)	(2,888,266)	-	(2,888,266)
236,700 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған салықты шегергендегі үлестіру	-	(1,341,300)	-	-	(1,341,300)	-	(1,341,300)
2009 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША	486,220,457	20,254,432	(83,546)	154,611,850	661,003,193	-	661,003,193
Бір жылдық пайда	-	-	-	65,175,379	65,175,379	(12,959)	65,162,420
Бір жылдық басқа жиынтық шығын	-	-	(20,251)	-	(20,251)	-	(20,251)
Бір жылдық жиынтық (шығын)/кіріс	-	-	(20,251)	65,175,379	65,155,128	(12,959)	65,142,169
Жарғылық капиталға салынған жарна	34,880,000	17,578,867	-	-	52,458,867	10,870	52,469,737
Дивидендтер төлеу	-	-	-	(2,923,319)	(2,923,319)	-	(2,923,319)
Үлестіру	-	(4,116,700)	-	(27,129,708)	(31,246,408)	-	(31,246,408)
Үлестіру – 1,938,850 мың теңге сомасындағы кейінге қалдырылған салықты шегергенде қарызды әділ құнына дейін түзету	-	7,755,402	-	-	7,755,402	-	7,755,402
2010 Ж. 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША	521,100,457	41,472,001	(103,797)	189,734,202	752,202,863	(2,089)	752,200,774

НЕГІЗГІ ӨНДІРІС ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР





«ҚТЖ» ҰК» АҚ КОМПАНИЯЛАР ТОБЫНЫҢ НЕГІЗГІ ӨНДІРІСТІК-ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

АТАУЫ	ӨЛШЕМ БІРЛІГІ	2008	2009	2010
1	2	3	4	5
ЖҮКТЕЛГЕН ЖҮК	мың тонна	234 990	219 382	239 314
ТАРИФТІК ТАУАР АЙНАЛЫМЫ	млн т-км	214 907	197 302	213 174
соның ішінде қатынас түрлері бойынша:				
республика ішілік	млн т-км	81 924	75 427	82 877
шығару	млн т-км	83 955	79 763	87 898
әкелу	млн т-км	22 508	17 656	18 229
транзит	млн т-км	26 520	24 456	24 170
ТАСЫМАЛДАНҒАН ЖҮК	мың тонна	268 890	247 677	267 735
соның ішінде қатынас түрлері бойынша:				
республика ішілік	мың тонна	139 960	131 321	140 876
шығару	мың тонна	93 356	85 707	96 026
әкелу	мың тонна	20 115	15 890	16 866
транзит	мың тонна	15 459	14 759	13 967
1 ТОННА ЖҮК ТАСЫМАЛДАНҒАН ОРТАША ҚАШЫҚТЫҚ	км	799	797	796
соның ішінде қатынас түрлері бойынша:				
республика ішілік	км	585	574	588
шығару	км	899	931	915
әкелу	км	1 119	1 111	1 081
транзит	км	1 715	1 657	1 731
ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫ («ПП» АҚ жеке кәсіпкерлерді қоспағанда)	млн ж-км	10 608	12 912	13 991
ЖӨНЕЛТІЛГЕН ЖОЛАУШЫЛАР («ПП» АҚ жеке кәсіпкерлерді қоспағанда)	мың жолаушы	11 268	14 117	15 016
ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ОРТАША САНЫ («ПП» АҚ жеке кәсіпкерлерді қоспағанда)	жол./ваг.	31	33	33
ЖОЛАУШЫЛАР АЙНАЛЫМЫНЫҢ БАРЛЫҒЫ (жеке кәсіпкерлерді қосқанда)	млн ж-км	14 450	14 860	15 448
ЖӨНЕЛТІЛГЕН ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ БАРЛЫҒЫ (жеке кәсіпкерлерді қосқанда)	мың жолаушы	13 633	16 208	16 706
ЖОЛАУШЫЛАРДЫҢ ОРТАША САНЫ (жеке кәсіпкерлерді қосқанда)	жол./ваг.	39	30	30
ӨНІМДЕРДІ САТУДАН ТҮСКЕН КІРІС	мың теңге	483 763 360	482 463 447	586 850 120
САТЫЛҒАН ӨНІМНІҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ	мың теңге	377 182 960	370 430 500	409 383 605

1	2	3	4	5
ЖАЛПЫ КІРІС	мың теңге	106 580 400	112 032 947	177 466 515
ҚАРЖЫЛАҢДЫРУДАН ТҮСКЕН КІРІС	мың теңге	7 181 578	2 661 506	3 284 929
БАСҚА КІРІС	мың теңге	1 842 243	14 585 614	7 370 792
ЖАЛПЫ ЖӘНЕ ӨКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР	мың теңге	58 344 978	51 232 385	64 517 582
ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР (несие бойынша %)	мың теңге	8 885 933	9 673 490	12 322 041
БАСҚА ШЫҒЫСТАР	мың теңге	1 916 467	35 912 211	6 587 953
ҮЛЕСТІК ҚАТЫСУ ӨДІСІ БОЙЫНША ЕСЕПKE АЛЫНАТЫН ҰЙЫМДАРДЫҢ ПАЙДАСЫНЫҢ/ШЫҒЫНЫНЫҢ ҮЛЕСІ	мың теңге	862 880	-90 039	330 211
ЖАЛҒАСЫП ЖАТҚАН ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ПАЙДА (ШЫҒЫН)	мың теңге	47 319 723	32 371 942	105 024 871
ТОҚТАТЫЛҒАН ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН ПАЙДА (ШЫҒЫН)	мың теңге	0	0	0
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІН ПАЙДА (ШЫҒЫН)	мың теңге	47 319 723	32 371 942	105 024 871
КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫС	мың теңге	-16 562 026	12 883 155	39 862 451
АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІ ШЕГЕРІЛГЕНГЕ ДЕЙІН САЛЫҚ САЛЫНҒАННАН KEЙІНГІ KEZEҢ ҮШІН ТАЗА КІРІС (ШЫҒЫН)	мың теңге	63 881 749	19 488 787	65 162 420
АЗШЫЛЫҚ ҮЛЕСІ	мың теңге	0	0	-12 959
ТАЗА КІРІС (ШЫҒЫН)	мың теңге	63 881 749	19 488 787	65 175 379

■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■
■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■	■

